

ЗАН

№3 | 2026



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

Бақыт БАЙНИЯЗ,
«Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

**«ЖЕЛТОҚСАН»
АРДАГЕРЛЕРІНІҢ
МӘРТЕБЕСІН ЗАҢМЕН
БЕКІТЕТІН КЕЗ ЖЕТТІ**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№3 | 2026

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,

д.ю.н., профессор

АЙТХОЖИН К.К.,

д.ю.н., профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е.

з.ғ.д. профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

МАУЛЕНОВ К.

д.ю.н., профессор

СӘБІКЕНОВ С.,

з.ғ.д. профессор

ДОСАЛИЕВ Қ.,

з.ғ.д. профессор

ШУМИЛОВ В.,

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой

Всероссийской Академии

внешней торговли

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

«Желтоқсан» ардагерлерінің мәртебесін заңмен бекітетін
кез жетті

Т. Смағұлқызы 3

Возвращение исторической идентичности

А. Нурболатов 10

Конституция – дамудың жаңа кезеңінде

Т. Балашов 15

Қазақстан халқы аңсай күткен – Ата Заң

А. Матибаева 17

Бас құжат құқықтық жаңғыруға негіз қалайды

Г. Рашева 20

Татуластыру шараларын қолданудың тәртібі бар

Л. Исмаилбаева 22

«Кодекстегі жеңілдіктер халық мүддесін көздейді»

Е. Ержанұлы 24

Заңмен белгіленген жауапкершілікті орындау міндет

А. Шақуал 26

Өндіріс орындары өнеркәсіптік саясатқа серпін берді

Т. Смағұлқызы 28

«Қаржылық сауат – қарапайым дағдылардан қалыптасады»

А. Мауленбай 30

Тұрғын үй саясаты: мүмкіндіктер мен мәселелер

Ұ. Тілеуқызы 33

Ауыз сумен қамту шаралары қарқынды жүргізілуде

Т. Ибашева 35

Домашнее насилие как социальное правовое явление

А. Тукубаева 37

Өңірлерді дамыту кешенді түрде жүзеге асырылуда

Ш. Көпірбай 40

Жасанды интеллектіні пайдаланудың этикалық мәселелері

Е. Шәмшиев 42

Қылмыстың алдын алудағы заманауи тәсілдер

И. Нуржан 45

За злостное неисполнение исполнительного документа

К. Матаев 49

Қазақ халқы азаттық жолында тарихтың небір ауыр кезеңдерін бастан өткерді. Мыңдаған көкөрім жастың өмірін талқан еткен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі алғашында бейбіт шерумен басталды. Бұған көзі ашық, көкірегінде сәулесі бар ұл-қыздың өршіл рухы мен нақты талабы себеп болды. Қазалы топырағының тумасы Байнияз Бақыт Серікбайұлы алаңда сондай намысты құрбы-құрдастарымен иық тірестіре жүрген азаматтың бірі.

Ол мектептен кейін Қазалыдағы СҰПТУ-34 училищесінде білім алды. 1983–1985 жылдары әскери борышын өтеді. 1986 жылы Алматы Малдәрігерлік институтына (АЗВИ) оқуға түсті. Алайда, бұл жыл оның өміріне өшпестей із қалдырды.

Желтоқсанның ызғарлы күндерінде оқудан шығарылып, Алматыдан бес жылға аластатылды. Елдік істе бұғып қалмай, бас көтерткен батылдығы тек өзінің ғана емес Байнияз әулетінің болашағына зардабын тигізді. Қазалы ауданындағы ауылдық советте басшылық қызмет атқарып жүрген туған ағасы партиядан шығарылып, жұмысынан босатылды. Осылайша қарапайым отбасы сол кезеңнің саяси қысымын күн сайын сезінуге мәжбүр болды.

Әйгілі ақын Мұхтар Шахановтың бастамасымен Желтоқсан оқиғасының шындығын ашу мақсатында құрылған арнайы комиссия 1986 жылы оқудан шығарылған студенттердің жолын ашты. Осы игі істің нәтижесінде көптеген жас тағдыр тауқыметінен арылып, оқуларын жалғастырды. Бұл мүмкіндікке 1989 жылы Бақыт Байнияз да ие болды.

Оқуын ойдағыдай аяқтаған ол оқудан кейін Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Илыч колхозына арнайы жолдамамен барып, мал дәрігері болды. Адал еңбегімен абыройы асқақтады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін республикалық комиссияның шешімімен Бақыт Серікбайұлы толық ақталды. Ол бүгінде Алматы қаласында тұрады. Жары Оразғұл Қаржаубаева да Желтоқсан ардагері. Екеуі ұш перзентін тәрбиелеп, немерелерінің бал қылығына кенеліп отырған ардақты ата мен әже.

Ел мен тарих алдындағы жауапкершілігін терең сезінген ардагер 2021 жылы «Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан» қоғамдық бірлестігін құрды. Бақыт Серікбайұлы - тарихтың сын сағатында намысын сатпаған, әділдік жолында жастық шағын құрбан еткен, рухы биік азамат.

Өнегеге толы өмір жолы - өскелең ұрпаққа жігер берер, тәуелсіздік қадірін ұғындырар тағымымға толы.



Бақыт БАЙНИЯЗ,

«Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

«ЖЕЛТОҚСАН» АРДАГЕРЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІН ЗАҢМЕН БЕКІТЕТІН КЕЗ ЖЕТТІ

– Алаңға көпшілікпен ілесіп шықтыңыз ба әлде сол кездегі жағдайды түсініп, Қазақстанды қазақ басқару керек деген талаппен бардыңыз ба?

– Шынымды айтсам, жастардың алаңға жиналып жатқанын 16 желтоқсан күні кешке естідім. Мәселенің мән-жайына қаныққан соң бойды намыс биледі. Мен оқуға жұмыс істеп, әскери борышымды өтеп, яғни, оң-солымды танитын жаста түстім. КПСС тарихында әр елді өз ұлтының өкілі басқару керектігі жазылған болатын. Біз сол талапты алға тартып, 17-сі күні алаңға таңғы уақытта шықтық. Солдаттар қоршап тұрды, бірақ, ол кезде тыныш болды. Біздің жатақханамыз Наурызбай батыр мен Сәтбаев көшелерінің қиылысында алаңға жақын орналасқан. Екі ортада барып-келіп жүрдік. Су шашу, қуалау, ұру сияқты әрекеттер сағат төрттен өте басталды.

– Бұл көрініс Сізге қалай әсер етті?

– Жатақханада шетелдік студенттермен бірге тұрдым. Қасымдағы екі студенттің бірі – Мадагаскардан, екіншісі – Шығыс Африкадан болды. Олар менен де үлкен жігіттер, солар менен не болып жатқанын сұрайды. Қазақстанды мүлде білмейтін адамның басқаруға келгенін, соған жастардың алаңға қарсылық білдіріп шыққанын айттым. Эфиопиялық саясаттан хабары бар, өз елінде мұндай қақтығысты көрген жігіт

еді. Сол маған «Бақыт егер осы кезде адам өлсе немесе жоғалып кетсе ешкім жауап бермейді, іздеусіз қаласындар. Үш күннен асса соңы революцияға ұласады» деді.

17 желтоқсан күні кешке алаңда жүріп таяқ жедік. Ертеңіне шықпай қалсақ та болатын еді. Біз сол күні алаңға бізді ұрған адамды іздеп барған жоқпыз. «Қазақ халқында зиялы, ел басқаратын мықты азаматтар бар, солардың бірі тағайындалсын» деген талапты нық қойып бардық. 18-ші желтоқсанда да алаңда болдық. 17-18-і күндері жатақханаларға келіп студенттерді ұстап әкете бастапты, мұны біз білмедік.

– Кімнің алаңға барғанын қайдан біледі, Сіз қалай ұсталдыңыз?

– Кімнің алаңға барып-бармағанын балконда жайылып тұрған кірге қарап болжаған ғой. Өйткені, алаңда су шашты, соққы тигендер қан болды. Балконында кір жайылғандарды бірінші ұстаған олардың арасында қаншама жазықсыз студент кетті. 18-і күні сағат түскі бір мен екінші арасында қасымдағы жігіттермен бірге қоршауға түсіп қалып ұсталдым. Қолымызды қайырып сары автобусқа тиеді. Қыз-жігітке қараған жоқ, жастарды бірінің үстіне бірін лақтыруда. Ыңырсыған дауыстар, қанның иісі жаман болады екен. Қақаған қыста Алматы қан сасыды.

Есімді жисам, аяғымның астында патрондар мен пышақ жатыр екен. «Патрондар мен пышақ сенікі ал» деп қинады, алмадым,

ұрып ары қарай лақтырып жіберді. Отырған не тұрған адам жоқ, бәрі жатыр. Бірінің үстіне бірін лақтырылған адамдар үйінді болып автобустың төбесіне жетіп қалды. Бір кезде автобус жүрді.

Қанша уақыт жүргенін білмеймін бір жерге алып келді. Солдаттар мен милициялар біртіндеп сүйреп шығарып жатыр. Бұрын қазіргі Қабанбай батыр көшесінің төменгі жағында «Советский РОВД» деген болған. Кейіннен барып көрдім, сол ғимарат қазір жоқ. «Арматурный коридор» дегенді сол РОВД да көрдім. Автобустан түсіріп жатқанда біреулер «бастарыңды қорғаңдар» деп айқай салды. Ішке қалай кіргенімді білмеймін, темір торға қамады. Біраз уақыт өткеннен кейін біртіндеп дәретханаға алып барып қан қатып қалған беті-қолымызды жуғызды.

Екінші қабатқа алып шығып, нөмер тағып суретке түсірді. Қалтамда жатақханаға кіретін рұқсат қағазы болған менің кім екенімді сол арқылы біліп қойды. «Алаңға кім ертіп барды, кім ұйымдастырды?» деген сұрақтарды жаудырды. Бірақ, жұмған аузымды ашпадым. Сосын босатып жіберді. Ертеңіне сабақтан үш жігітті алып кетті.

Үшеуімізді үш тергеуші тергеді. Таңертең

барамыз сурет жапсырылған альбом секілді қалың үлкен-үлкен дәптерлер береді. Соларды парақтап қарап отырамыз. Суретке сәл үңіліп қалсаң тергеуші сол жерге сызғышты сарт еткізіп қояды. Содан «кімді танысың, танымасаң неге қарадың?» деп сұрақтың астына алып, қинайды. Жай қарадым дегенді түсінбейді. Паспортымыз тергеушіде, күнде таңертең келеміз. Сөйтіп жүргенде бір күні тергеушілер кешігіп, кабинеттің алдында күтіп тұрдық.

Костюм-шалбар киген бір кісі бізге жақын келіп «суретке қараған кезде ойларың басқа жақта болсын, жүретін қыздарыңды ма, басқа нәрсе жайлы ойлап отырыңдар» деп өтіп кетті. Кабинетінде жазылып тұр майор екен фамилиясы Қасымханов па есімде жоқ. Осы кісінің сөзі маған сабақ болды, альбомды көргенде ештеңеге зер салмауға тырыстым. Оның үстіне ректорымыз Қалдыбек Сәбденов, т.б. басқа ұстаздар ылғи да бізге «ешкімді сатпаңдар, сотталғандарыңның өзінде көмектесуге тырысамыз» деп ескертіп отырды.

Ол уақытта университетте «треугольник» – староста, комсорг, профорг деген болды. КГБ (қазіргі ҰҚК) қызметкерлері



«Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан» қоғамдық бірлестіктің белсенді мүшелері



Отбасымен

соларды алып келіп біз көрген суреттерді көрсетіп, «мына суреттердің ішінен бес адамды ұстап бересің, болмаса өзің кетесің» дейді. Өздерінің күні үшін қасында жүрген қыз, жігіттерді ұстап бергендер де болды. Суреттен кімді көреміз соған дереу келіп «жатақханадан кетуін» ескертіп жүрдік. Солардың көбісі бой тасалап аман қалды. Ешкімді сатпадық.

Калинин аудандық соты он тәулікке әкімшілік жаза тағайындады. КГБ қызметкерлері келіп бізден бес күннің ішінде қаладан шығып кетуге қолхат алды. Сонымен ауылға кеттім. Үш жылдан кейін оқуға шақырту келді.

– Осы жайлы кеңірек тоқталсаңыз?

– Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев сынды мықты азаматтарымыз арнайы комиссия құрып, оқудан шығып қалған желтоқсаншылардың білім алуына мүмкіндік жасады. Ол кезде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігін Шайсұлтан Шаяхметов басқарды. Сол кісіге бардым. Мән-жайға қаныққан министр қолыма ресми хат беріп, «ректордың өзіне тапсыр» деді. Қалдыбек Сәбденұлына барсам жиналыс болып жатыр екен. Қабылдау бөлмесінде күтіп отырдым. Бір кезде қос есік айқара ашылды, ректорды қаумалап бір топ адам шықты. Ректорға жақындап, «ассалаумалейкум аға, Сізге бола ма» деп ем «болмайды» деп өте шықты. Тұрып қалдым.

Сәлден соң есіне түсті ме коридорға

шықты да «әй бала бері кел» деді. Қасына барып Ш. Шаяхметовтің хатын бердім. Оқыды да сасқалақтап қалды, «әй, кім қайда, Ерсейіт Бексейітович қайда, бері кел, мына баланың жұмысын бітір. Әй бала, аман-есен келдің бе? Бар ағайыңмен бірге тірлігіңді бітір. Ертең маған кел» деді.

Жатақханаға орналасып, оқуыма кірісіп кеттім. Бірақ, ректорға бармадым. Екі-үш айдан кейін деканаттағылар ректор шақырып жатқанын жеткізді. Кабинетіне кірдім, «кел балам, кел» деп орнынан тұрып қолымды алды, қасына отырғызды. Отбасымды, қалай орналасқанымды бәрін сұрап, «көмек керек болса ұялмай айт» деді. Ш.Шаяхметовтің хатында «қай уақытта оқудан шықты сол жерден жалғастырсын. Оқу үлгеріміне қарамай, шәкіртақы жүз пайыз төленсін. Жатын орынмен қамтамасыз етілсін» деп жазылыпты.

– Желтоқсан көтерілісіне қырық жыл болды, тиісті бағасын алды ма?

– 15 одақтас республиканың жігін сөккен қазақ жастары екенін алыс, жақын шетелдер мойындады. Бірақ, елімізде желтоқсаншыларға тиесілі мәртебе берілмей келеді.

– Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Шолақ белсенділердің іс-әрекеті, жағымпаздық желтоқсан жастарын тұншықтырды. Шерхан Мұртаза, Қасым Қайсенов, Өзбекәлі Жәнібеков сынды намысты, рухты қазақтар көп болғанда желтоқсан

көтерілісінің бірінші күні-ақ Алаш ардақтылары армандаған күнге жетер едік. Мемлекетіміз қазір әлемге әйгілі болып жатыр, бір Димаштың өзі-ақ атымызды шығарды. Енді желтоқсан көтерілісінен де, оған қатысқандардан да қорқудың қажеті жоқ. Бүгінгі жас қыздардың бір-бірімен төбелесіп оны әлеуметтік желілер арқылы таратуы – қазақ ұлтының болашағына үлкен қауіп, атына түскен дақ. Осыдан қорқу керек. Қазақ барлық ұлттың ішінде ең төзімді, алғыр халық. Дүние жүзінде генетикасы бұзылмаған жалғыз ұлт.

– Мәртебе беруде қандай ұсынысыңыз бар?

– Ұлы Отан соғысының ардагерлері және оған қатысқандарға теңестірілген деген статусқа Ауған соғысы, Чернобль, Семей полигоны бәрін қосқан. Бірақ, желтоқсан көтерілісінің қатысушыларын ұмыт қалдырған. Өкінішке қарай, желтоқсан көтерілісі, оған қатысушылар жоғары мінберлерде тек атақ үшін мақталады, мәртебе беру мәселесі көтерілмейді.

Желтоқсан қатысушыларына Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің ардагерлері деген мәртебе берілгені абзал. Мысалы, Ауған ардагерлері, Чернобыль ардагерлері, т.б. бар. Бұлар бұйрықпен барып, басқа елдерге қызмет еткен Қазақстан азаматтары. Ал желтоқсан ардагерлері күллі қазақ халқының жылдар бойы аңсаған арманына жетуіне жол ашып берді. Талпынған жастардың талабы Совет Одағының тарауына әсер етті. Сондықтан, желтоқсаншылардың статусын бекіту кезек күттірмейтін мәселе. Желтоқсаншылардың ең жасы бүгінде алпысты алқымдады. Біртіндеп өмірден кетіп жатыр.

– Қоғамдық бірлестікті қандай мақсатта құрдыңыз?

– Елімізде желтоқсаншылардың қоғамдық бірлестіктері көп. Олардың әрқайсысының әр түрлі бағыты бар. Әскерде бірге болған жігіттермен бас қосып, осы уақытқа дейін не істегенімізді, қандай жетістікке жеткенімізді ортаға салдық. Барлығы белгілі бір жетістікке жеткен, лауазымды қызметтер атқарған, арасында полковник те

бар. Бәрі айтып жатыр, мен ғана үнсізбін. Сұраулы жүзбен қараған жігіттерге «желтоқсан кезінде бәрінен құр қалдым» дедім. Бұл 2011 жыл болатын. Сонда бір досым тұрып «Желтоқсан – келешек. Болашақта Ұлы Отан соғысының ардагерлері азаяды. Тәуелсіздіктің бастауы желтоқсан көтерілісі. Әрбір Тәуелсіз мемлекетте өзінің ардагерлері болуы керек. Бірінші орында желтоқсаншылар тұруы тиіс» деді.

Сол кезде «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігі болды, оның төрағасы Мырзағұл Әбдіғұлов ату жазасына кесілген азамат. Сол ағамыз осы қоғамдық бірлестіктің жұмысын жүргізуге шақырды. Бес-алты жыл жұмыс істеп, 2021 жылы жеке қоғамдық бірлестік құрдым.

Қоғамдық бірлестіктегі 96 адам жылдық жоспармен жұмыс істейміз. Кемі екі айда бір рет жолығамыз. Ақтөбе, Көкшетау, Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстарында да әріптестеріміз бар. Мақсатымыз желтоқсан көтерілісінің ел тарихындағы маңызын, қазақ тілін, ұлттың рухани байлықтарын, тәлім-тәрбиесін, өнер-өнегесін дәріптеу. Мектептерде, жоғары, орта оқу орындарында желтоқсаншыларды насихаттау, ақын-жазушылардың желтоқсан туралы жазылған шығармаларын қолдап, шығарту, көтерілістің ақиқатын жас ұрпаққа жеткізу мақсатында жұмыс істеп жатырмыз.

Бірлестікте Қайрат Рысқұлбековпен бірге сотталғандар – Түгелбай Тәшенов, Қайыргелді Күзембаев, Жамбыл Тайжұмаев, сонымен қатар, Сәуле Мешітбаева, Ертай Айғалиұлы, Талғат Айтбайұлы, Болат Шарахымбай, Баян Бекетова, Көлбай Адырбеков сынды қазақтың мықты азаматтары бар. Талғат Айтбайұлы «Желтоқсан» кітабының 17 томын шығарды. Ақын қызымыз Баян Бекетова желтоқсаншы.

«Қазақстан дәуірі» газеті бізге ақпараттық қолдау көрсетеді. 35 мемлекетке тарайтын осы басылымның бір беті желтоқсанға арналған.

Жоғары оқу орындарында таза қазақ тілінде білім алған алғашқы түлектер 1994 жылы бітіргендер. Біздің курста он бір топ



болса, соның сегізі қазақ бөлімі. Себебі, біз қазақша оқимыз деп өтініш жаздық. Мұны айтып отырғаным, ең алғаш оқуға түскенімде 1986 жылы қазақ бөлімдері болмады, ауылдан келіп орыс тобында оқыдым. Қоғамдық бірлестіктің жарғысын жазған кезде ішіне бір тармақты қостым.

– Атап айтсаңыз?

– Желтоқсан көтерілісінің мән-маңызын насихаттап, ұлықтап жүрген жасы он сегізге толған Қазақстан Республикасының азаматтары қоғамдық бірлестікке мүшелікке қабылданады. Олардың желтоқсан көтерілісінің қатысушысы болуы міндет емес. Қоғамның ішінде «Қоғамдық бірлестіктің Құрметті мүшесі» деген арнайы куәлік беруді құрылтайшылармен келісіп шештік. Мұндай марапатқа желтоқсан көтерілісінің тәуелсіздіктің бастаушысы, жаршысы екенін тарихта қалатындай деңгейде өзінің шығармасымен, әнімен, жырымен насихаттап жүрген ақын-жазушылар, әншілер, журналистер, шығармашылық, өнер адамдары ие бола алады.

Жоғарыда аты аталған үш желтоқсаншыға «Қоғамның құрметті мүшесі» деген

арнайы куәлік тапсырдық. Үшеуі де Алматыда тұрады.

Тағы бір айтып өтерлігі, марқұм Қайрат Рысқұлбеков 13-наурызда 60-қа толды. Қайратпен бірге бес жігіт сотталды. Бірақ, барлық жерде төртеу деп айтылады. Негізі олай емес. Ертай Көпесбаев деген азамат басында куәгер ретінде тергелген. Солай бола тұра дәл сот болған күні оны да екі жарым жылға соттап жіберді. Бес жігіттің төртеуі сот залында қоршаудың ішінде тұрды, Ертай сыртында отырды. Бүгінде ол өмірден озып кетті.

– Желтоқсанды дәріптеу тек науқандық деңгейде өтетіндей әсер қалдырады, бұл ненің салдары?

– Біз бастапқы он жылдықта жақсы танылды. Одан кейінгі отыз жылда бізді алдыға шығарған жоқ. Жыл он екі айда мектеп оқушыларымен бір ай ғана кездестіреді. Бұлай болмауы керек. Барлық БАҚ-тар желтоқсанды 365 күн ұлықтаса да артықтық етпейді.

Қазақстанды қазақ басқару керек деген талабымыз бүгінде орындалды. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Ол заманда көшеде қазақша сөйлесек бізге орыс тілділер міндетті түрде ескерту жасайтын. Сол уақыттары «живот все знает, язык не хватает» деген анекдот шықты. Біз орыс тілін білмегендіктен біліп тұрғанымызды айта алмайтынбыз. Есімде қалғаны КПСС тарихынан Тоқмұхамед Садықов деген кісі сабақ берді, қазір марқұм болып кетті. Сол кісі 1986 жылы институтта кафедра меңгерушісі болды. Бір күні практикадан беретін апайымыз келмей қалып, бізге сабақ өтті. Мені тақтаға шығарды. Лениннің жүз томдық кітабы орысша. Бәрін біліп тұрмын, бірақ, орысша айтуға тілім жетпейді. Үнсіз тұрмын. Ағай «Бақыт сабақ не жайында болып жатыр» деп қазақша сұрады. Қазақшалап зырылдатып айта бастағанда «болды отыр» деді.

Меніңше, Тоқмұхамед Сәлменұлы қазақ балаларының орыс тілінен қиналып жүргенін жақсы түсінді. Мектепке кездесуге барғанда қатты қуанғаным, оқушылардың арасынан «ов, ева» деген фамилияны кездестірмедім. Бұл қазақтанудың тамаша көрінісі.

– Отбасыңыз, балаларыңыз жайлы айта отырсаңыз?

– Құдай қосқан қосағым, екі ұл, бір қызым бар. Екі ұлдан жеті-сегіз немере сүйдік. Қызым студент. 1986 жылы келіншегімнің әпкесі жерлесім Алматыда оқитын. Желтоқсанның кезінде Оразгүлді қыдыртамын деп шақыртқанмын. Сол уақыттарда Оразгүл әпкесіне еріп алаңға барған ғой, таяқ жеді, қашты.

Кейіннен ауылға анандай жағдаймен бардым. Үлкен ағам КазГУ-дің түлегі, қызмет атқарды, қазір марқұм болды. Осы ағам кезінде маған «әй бала, есі дұрыс ата-ана

саған қызын бермейді. Ешкімнің қызының мазасын алма» дейтін. Сыныптастарымның өзі менен аулақ жүретін. Кейіннен қыздар «сен үшін бізді киноға, отырысқа жібермейтін» деп айтатын.

Әке-шешем маған да, әйеліме де желтоқсан жайлы тіс жармаңдар «үкіметтің құрығы ұзын, құртып жібереді» дегенді жиі ескертіп отыратын. Келіншегім дәрігер, медицина саласында 40 жылдан бері еңбек етуде. Қазір Әскери комиссаритта дәрігер. Қиыншылықты да, жоқшылықты да Оразгүл екеуміз бірге көрдік.

Менің алаңға шығуым отбасымдағы барлық адамды қудалауға ұшыратты. Репрессияның көкесін көрдік. Бізді қара жұмысқа да алмады. Түрмеде отырып келгендерден де төмен болдық. Солар істеп жүрген жұмысқа да қабылдамады. Ш.Шаяхметовтің сөзі әлі күнге дейін есімде. Ол кісінің айтуынша, КГБ-нің желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды ешқашан жоғары оқу орнында оқытпау, тіпті, жұмыс істетпеу, оларды отбасын құру мүмкіндігінен де айырып, дымсыз құрту жоспары болған.

Бұл жоспарлары іске аспады, бәрібір ақиқат жеңді. Енді соның қадіріне жету барша қазақ халқына парыз.

– Балаларыңыз сеніміңізді ақтады ма?

– Біреуі заңгер, екіншісі стоматолог дәрігер. Келіндерімнің бірі экономист, енді бірі дәрігер. Немеремнің үлкені 5-сыныпта оқып жатыр. Құдайға шүкір.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге үлкен рақмет.

**Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист**

ВОЗВРАЩЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Статья обосновывает необходимость возвращения исторического имени государства – Қазақия – как акта деколонизации и правового признания континуитета казахской государственности. Анализируя «лингвистическую засаду» советского периода и социальные противоречия настоящего, автор доказывает, что путь к единству и устойчивости лежит не через этнический национализм, а через реализацию социально-справедливых идеалов движения «Алаш», основанных на верховенстве закона и гражданской солидарности.



Азамат НУРБОЛАТОВ,
кандидат юридических наук,
директор ТОО «Adilettik.kz»

Современная наука развивается через смену парадигм, и историческая наука не является исключением. История Казахстана долгое время была идеологизирована и догматизирована, что требует пересмотра устоявшихся подходов и формирования объективной картины прошлого. Создание такой картины становится ключевым фактором формирования общенационального единства, укрепления суверенитета и воспитания гражданственности.

Следует отметить, что незнание соб-

ственного прошлого и корней приводило к трагическим последствиям у соседей по бывшему советскому пространству. Когда отдельные субъекты публично выступают с искажениями истории, это вызывает беспокойство у всех жителей.

В данной статье я не буду обсуждать работу коллег-историков, которые провели глубокие исследования деятельности Алаш

и его лидеров. Моя цель – обратить внимание на те процессы, которые начали алашцы, но не были завершены по известным причинам.

ИСТОРИКО-ПРАВОВОЙ КОНТЕКСТ ДЕКРЕТА 1920 ГОДА

Как известно, Декрет В.И. Ленина от 26 августа 1920 года «Об Автономной Киргизской (Казахской) Советской Социалистической Республики» представляет собой правовой акт, закрепивший территориальную целостность казахской государственности в новых политических условиях. Между тем, значение этого документа невозможно понять без анализа предшествующей деятельности движения Алаш, которое подготовило правовые и идеологические основы для восстановления казахской государственности.

ВОЗВРАЩЕНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО ЕДИНСТВА И ИСТОРИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Лидеры Алаш задолго до 1920 года разработали концепцию национальной государственности, ключевым элементом которой стало территориальное единство казахских земель. Именно алашцы вернули народу его исконное самоназвание «қазақ», отказавшись от колониальных наименований «киргиз-кайсаки», «татаро-монголы» и других, фальсифицировавших историческую идентичность народа.

Колониальная политика, как известно, начинается с лишения покорённых народов их исторических названий и героев. Движение Алаш предприняло систематические усилия по восстановлению подлинной исторической топонимики и национальной идентичности, что создало необходимые предпосылки для территориального оформления казахской государственности в Декрете 1920 года.

Однако широкая волна репрессий в советское время уничтожила многих, кто имел отношение к национальному движе-

нию. Никто не осмеливался даже думать о национальном развитии. Советская власть, подобно царской, продолжала переименование топонимов. Сегодня Казахстан постепенно возвращается к своим историческим названиям. И теперь перед нами стоит важная задача: аккуратно и осмысленно выбраться из созданной той эпохой «лингвистической засады».

Более того, обретя независимость в 1991 году, мы, стремясь к новой гражданской идентичности, совершили парадоксальный лингвистический поворот. Отказавшись от советской формы «Казахская ССР», мы не вернулись к исконному этно-государственному названию. Вместо этого был выбран топоним «Казахстан» – конструкция с суффиксом «-стан», указывающим на территорию, что сместило смысловой акцент с народа («казах») на землю. Этот шаг, по сути, стал продолжением «засады» на ином витке: закреплением искусственной модели, не имеющей глубоких исторических корней в нашей государственности.

КАЗАКИЯ: ИСТОРИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

В этой связи решающее значение приобретают исследования казахского ученого Мухит-Ардагера Сыдыкназарова. На протяжении 16 лет он изучал мировые библиотеки, архивы, музеи, университеты и королевские картографические коллекции Европы, обнаружив более двух тысяч средневековых карт XVI–XIX веков с изображением казахского государства и аутентичным названием: Cassakia, Kassakia (Қазакия – Қазақия).

Примечательно, что в самом казахском языке народ издавна называет свою страну именно так – Қазақия. Это живое свидетельство глубокой исторической памяти, противостоящей позднейшим наслоениям. Однако история знает не только забвение, но и сознательное извращение смыслов. Яркий пример – подмена академического понятия «нация» его советским суррогатом – «национальностью».

В классической политологии нация (nation) – это социальный и политический конструкт, продукт индустриальной эпохи. Она не имеет расовых или жестких этнических характеристик и обозначает гражданскую общность в рамках национального государства (nation-state). Поэтому утверждение, будто Казахстан – «многонациональная страна, где проживает много разных народов», терминологически некорректно. Казахстан – это полиэтничное государство с формирующейся единой гражданской нацией. Именно эта логика и отразилась в эволюции названия нашей Ассамблеи: от «Ассамблеи народов» к «Ассамблее народа Казахстана» – создание единой нации на полиэтничной основе – историческая норма. Так были построены французская, швейцарская, турецкая, вьетнамская нации; американская нация и вовсе не имеет единого этнического ядра.

Таким образом, процесс нейминга в независимом Казахстане – это закономерный и необратимый путь освобождения от навязанных имен и наименований. Его конечная цель – восстановление исторической справедливости не только в географических названиях, но и в имени самого народа и государства. Логичным итогом этой деколонизации языка должна стать реституция аутентичного названия страны – Казахская Республика или Қазақия. Соответственно, государствообразующая нация должна именоваться казахами, что не отменяет, а, напротив, укрепляет гражданскую идентичность всех казахстанцев, согласно преамбуле Конституции, создающих свое государство на исконной казахской земле.

Научный труд М.-А. Сыдыкназарова «Непрерывная государственность Казахстана в потоке истории», изданный в Брюсселе (2021) [1], представляет неоспоримые документальные доказательства этого многовекового континуитета. Его материалы подтверждают, что казахский народ, даже в периоды утраты суверенитета, никогда не терял связи со своей исконной территорией и политической идентичностью, что в полной мере соответствует междуна-

но-правовой доктрине континуитета (правопреемства). Эту преемственную связь подчеркивает и Президент Касым-Жомарт Токаев, отмечая: «Казахстан является прямым преемником кочевой цивилизации Великой степи... Улус Джучи (Золотая Орда) занимает значимое место в традиции государственности Казахстана» [2].

Таким образом, на прочном основании исторических документов и юридической логики встает вопрос о формулировках. Как верно указывает ученый К. Айтхожин, было бы корректно внесение следующего изменения в преамбулу Конституции после слов «Мы, народ Казахстана, объединенный общей исторической судьбой»: «достойно сохраняя многовековые традиции государственности казахского народа на его исконной земле» [3, с.12]. Уместно напомнить, что ранее вопрос об изменении преамбулы Конституции поднимали такие казахстанские ученые-юристы, как А.А. Салимгерей [4] и А.А. Караев [5]. Следовательно, на основании этих данных правомерно утверждать, что в декабре 1991 года казахский народ не приобрел, а именно восстановил свою государственную независимость, продолжив традиции национально-государственного строительства, заложенные алашцами.

Именно поэтому закономерный процесс возвращения исторических названий должен быть завершён логическим актом реституции аутентичного имени государства – Қазақия (Казахская Республика). Это станет не просто исправлением картографической ошибки, а актом исторической справедливости и правового признания непрерывности нашей государственности.

СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ НАЦИОНАЛЬНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

Распространенное мнение о том, что «русский фактор» является главным препятствием для казахского нациестроительства, представляется мне ошибочным. Любой конфликт – будь то трудовой, межнациональный или политический – имеет

в своей основе социальные причины. Его движущей силой становятся не этнические различия, а глубинные социальные противоречия.

Исторический опыт Казахстана это подтверждает. В 1990-е годы, когда основная масса населения жила за чертой бедности, масштабных межнациональных столкновений не произошло. Это доказывает, что источником нестабильности является не бедность как таковая, а социальное неравенство – разрыв в доступе к благам и возможностям.

Ключевой диагноз современному казахстанскому обществу был поставлен Президентом Касым-Жомартом Токаевым, который указал на чудовищный дисбаланс: 162 человека концентрируют в своих руках половину национального богатства, в то время как остальные 19 миллионов граждан оказываются в экономически уязвимом положении.

Давайте проанализируем суть этой цифры.

Во-первых, «162 против 19 миллионов» означает, что за три десятилетия независимости в Казахстане так и не сформировался средний класс – главный гарант социально-политической стабильности любого современного общества.

Во-вторых, эти цифры свидетельствуют о регрессивной трансформации социальной структуры. Фактически произошел откат к сословно-классовой модели, характерной для докапиталистических эпох, где кучка сверхбогатых (те самые 162 семьи) монополизирует будущее страны, отрицая право на достойную жизнь для подавляющего большинства казахстанцев.

Что же делать? Ответ, по моему убеждению, не нужно придумывать – он уже заложен в Конституции Республики Казахстан.

Основной закон провозглашает высшей ценностью жизнь, права и свободы человека, утверждает народ единственным источником власти, а государственных служащих – ответственными за внутривластную стабильность и национальную безопасность. Декларированные принципы – на-

родовластие, экономическое развитие на благо всего народа, независимость суда – и есть готовый алгоритм выхода из кризиса.

Справедливости ради стоит напомнить, что этот конституционный путь как формула политического спасения был впервые предложен еще идеологами «Алаш».

НАСЛЕДИЕ «АЛАШ» И УСТАВ «ҚАЗАҚ ЕЛІ»

Еще в начале XX века территория Казахстана была полиэтничной, а коренной народ в результате колониальной политики утратил значительную часть плодородных земель. Это привело к резкому обострению отношений между казахами и переселенцами. Таким образом, лидерам «Алаш» уже тогда пришлось искать пути выхода из глубокого социально-политического кризиса.

Их ответом стал документ исключительной исторической важности. Под руководством Алихана Букейханова юрист Барлыбек Сыртанов в 1911 году подготовил проект Устава (Конституции) страны казахов [6]. По своему демократизму и приверженности либеральным ценностям этот документ не уступал основным законам развитых европейских государств того времени.

Концепция нациестроительства, предложенная «Алаш», заключалась в создании самостоятельного государства, способного обеспечить равное распределение общественных благ между всеми гражданами независимо от религии, происхождения или социального статуса. Краеугольным камнем этой концепции стала заповедь Устава: «Человек несет ответственность только перед законом и Богом».

Иными словами, алашцы мыслили не в категориях этнических приоритетов, а в парадигме универсальных правовых и духовных ценностей. Они ясно понимали, что только на этом фундаменте «Қазақ елі» может стать современным, устойчивым государством.

Таким образом, их ключевой вывод остается актуальным и сегодня: лишь установ-

ление подлинной социальной справедливости способно превратить этнически пестрое общество во внутренне монолитную общность. Когда исчезают глубинные линии социального разлома, общество обретает иммунитет к внешним угрозам и внутренним потрясениям.

СОВРЕМЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Сегодня наследие «Алаш» служит ключом к построению именно такого общества – полиэтничного, но внутренне монолитного и устойчивого к любым угрозам. В свою очередь, исследования Мухит-Ардагера Сыдыкназарова обретают не только научную, но и стратегическую ценность: они документально подтверждают многовековую государственную традицию казахского народа, снимают любые территориальные спекуляции и восстанавливают аутентич-

ные исторические имена – ҚАЗАҚИЯ для государства и казахи для его государствообразующей нации.

Таким образом, проект национального строительства, предложенный лидерами «Алаш», выполняет тройную функцию: он является фундаментом для понимания нашей истории, основой для формирования современной национальной идентичности и гарантом территориальной целостности Казахстана. Их наследие остаётся нравственным и политическим ориентиром на пути к справедливому, социально стабильному и национально самобытному государству.

Следовательно, возвращение к этим истокам – к идеалам «Алаш» и историческому имени Қазақия – и есть тот самый путь освобождения от «лингвистической засады» прошлого и «социального разлома» настоящего, ведущий к устойчивому будущему.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Сыдыкназаров М.А. «Непрерывная государственность Казахстана в потоке истории. Казахское Государство на европейских и американских картах XVI-XIX веков. Атлас. – Брюссель, 2021 г. - 532 стр.».
2. Выступление Главы государства К.-Ж. Токаева на третьем заседании Национального курултая «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» // Президент Республики Казахстан. Официальный сайт [электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.akorda.kz/>
3. Айтхожин К. «О юридической природе преамбулы Конституции Республики Казахстан». Журнал «Заң», №9/2024, С. 8-15.
4. Салимгерей А.А. Преамбула Конституции Республики Казахстан не закрепляет преемственность казахской государственности и создает потенциальную угрозу для национальной безопасности страны. // https://prg.kz/Document/?doc_id=33504024;
5. Караев А.А. Преамбула Конституции Республики Казахстан как концептуальное выражение национального суверенитета // https://prg.kz/document/?doc_id=39753377;
6. Тлепина Ш.В. Устав «Қазақ елі» – первый проект казахской конституции, как отражение государственноправовых взглядов Барлыбека Сыртанова. – Журнал «Право и государство», 2015, С. 66-74. <http://repository.kazguu.kz/handle/123456789/267>

КОНСТИТУЦИЯ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы – ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын, мемлекеттің саяси-құқықтық архитектурасын түбегейлі жаңғыртатын стратегиялық құжат. Бұл құжат тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінен өтіп, кемелденген, жауапты және болашаққа бағдарланған мемлекет ретінде өзін қайта айқындауын білдіреді.



Талғат БАЛАШОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Заң факультетінде азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор м.а.

Жаңартылған Конституцияның преамбуласында Қазақстан халқының терең тарихи тамырлары, Ұлы даладағы мемлекеттілік дәстүрлерінің сабақтастығы айқын көрініс тапқан. Онда ұлттық құндылықтар уақыт сынынан өтетін мызғымас бағдар ретінде бекітіледі.

Преамбулада мемлекеттің унитарлық сипаты, аумақтық тұтастығы мен шекарасының мызғымастығы принциптік түрде айқындалып, егемендік пен тәуелсіздікті нығайту басым бағыт ретінде белгіленген. Сонымен қатар «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы мен «Заң мен Тәртіп» қағидаты негізгі құндылықтар қатарынан орын алады.

Құжатта мәдениет, білім, ғылым мен инновация – елдің болашақтағы бәсекеге қабілеттілігінің негізі ретінде танылып, экологиялық жауапкершілік пен табиғатқа ұқыпты қарау жалпыұлттық құндылық ретінде бекітілген.

Конституцияның I бөлімі «Негізгі ережелер» емес, «Конституциялық құрылыстың негіздері» деп қайта аталып, мемлекеттіліктің іргелі қағидаттарын нақты көрсетеді. Қазақстанның басқару нысаны – президенттік республика екені айқын әрі теориялық тұрғыдан дұрыс бекітілген.

Мемлекеттің егемендігі, тәуелсіздігі, унитарлығы, аумақтық тұтастығы және басқа-

ру нысаны өзгермейтін құндылықтар ретінде Конституцияның өзегіне шығарылды. Бұл нормалардың бұрын қорытынды және өтпелі ережелерде орналасуы логикалық тұрғыдан қайта қаралып, жүйелі түзету жасалды.

Сонымен бірге, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, ұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жауапты әрі жасампаз патриотизмді қалыптастыру мемлекеттің негізгі қызмет қағидаттары ретінде бекітілді.

Конституцияда халықтың тек мемлекеттік биліктің қайнар көзі ғана емес, егемендіктің жалғыз иесі екені нақты көрсетілді. Бұл норма мемлекеттің барлық институттары мен органдары халық атынан әрекет ететінін және олардың егемендігі болмайтынын құқықтық тұрғыдан бекітеді.

Мұндай тәсіл биліктің легитимділігін арттырып, Конституцияны халықтың шынайы ерік-жігерінің көрінісі ретінде орнықтырады.

II бөлім «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» деп қайта аталып, құқықтар мен міндеттердің өзара байланысын бір жүйеде қарастырады. Бұл – «құқық пен жауапкершілік» тепе-теңдігін нығайтатын маңызды қадам.

Өмір сүру құқығы абсолютті әрі ажырамас құқық ретінде бекітіліп, жеке бас бостандығы, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау кепілдіктері күшейтілді. Жеке өмірге қол сұқпаушылық, соның ішінде банк құпиясы мен цифрлық коммуникациялар деректерін қорғау заманауи талаптарға сай нақтыланды.

Сонымен қатар, азаматтардың табиғатты қорғау жөніндегі экологиялық міндеті, еңбек ету құқығы, білім беру жүйесінің зайырлы сипаты және отбасы институтының конституциялық негіздері нақты айқындалды.

Жоба Президент институтын жаңа мазмұнда қайта қарастырады. Президенттің өкілеттік мерзімі, сайлау тәртібі, отставкаға

өз еркімен кету механизмі және билікті беру тәртібі айқын әрі құқықтық тұрғыдан нақты регламенттелген.

Жаңа институт – Вице-Президент лауазымы енгізіліп, биліктің сабақтастығы мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету тетігі күшейтілді.

Парламенттің орнына Құрылтай атты бір палаталы өкілді орган құрылады. Ол 145 депутаттан тұрады, пропорционалды жүйе арқылы сайланады. Бұл партиялық жауапкершілікті арттырып, кәсіби заң шығару процесін күшейтеді.

Құрылтайдың заң шығару қызметінде үш оқылым институты міндетті түрде енгізіліп, заңдардың сапасын арттыруға басымдық беріледі.

Жаңа Конституцияда Қазақстан Халық Кеңесі – жоғары консультативтік орган ретінде бекітіледі. Ол ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеп, заң жобаларын енгізу және референдум бастамасын көтеру құқығына ие болады.

Бұл институт азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы диалогты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Конституциялық Соттың мәртебесі күшейтіліп, оның тәуелсіздігі Конституция деңгейінде бекітілді. Сот халықаралық ұйымдар шешімдерінің Конституцияға сәйкестігін тексеру құзыретіне ие болады.

Адвокатура институтының Конституцияда бекітілуі – сотқа қолжетімділікті арттыратын және құқықтық қорғау жүйесін нығайтатын маңызды жаңалық.

Жаңартылған Қазақстан Республикасының Конституциясы – бұл тек құқықтық құжат емес, жаңа қоғамдық келісімнің негізі. Ол әділеттілікке, заң үстемдігіне, адам қадірін құрметтеуге және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікке сүйенген мемлекет құруды көздейді.

Бұл Конституция – кемелденген мемлекеттің, саналы қоғамның және біртұтас халықтың таңдауы.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АҢСАЙ КҮТКЕН – АТА ЗАҢ

Дүние жүзінің саяси жағдайы сағат сайын мың құбылған айнымалы-төкпелі заманда Президентіміздің көреген саясатының, алдын болжағыш стратегиялық бастамасының арқасында дүниеге келген жаңа Ата Заң жобасында адам мен әлеумет мүддесі жоғары қойылған. Бұл Конституция халық қамы үшін мемлекеттік билік жүйесін жетілдіріп, пәрменін одан әрі арттыра түсумен ерекшеленеді.



Айнұр МАТИБАЕВА,
Алматы технологиялық университеті
Биотехнология және химиялық
факультетінің деканы,
техника ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған жыл сайынғы жолдауында жариялап, оның мақсаты саяси жүйені кешенді түрде жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының одан арғы үдерісіне оң ықпал ету екенін атап өткен болатын.

Жоғарыда аталған күні Президент Парламенттік реформа бойынша жұмыс тобын құру туралы Өкімге қол қойды. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар фракцияларының өкілдері кіреді.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында, Мемлекет басшысы Парламент реформасына қатысты азаматтардан түскен ұсыныстарды қорытындылап, алдағы өзгерістердің жалпы тұжырымдамасын ұсынды. Осы жылдың 31-

ші қаңтарында Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстанның жаңа Ата Заңының жобасын қоғам талқысы үшін жариялады.

Қоғамдық талқылау аясында, Комиссияға eGov және e-Otinish порталдары арқылы азаматтардан шамамен он мың пікір мен ұсыныс түсті. Осындай ауқымды азаматтық қатысу жаңа Конституцияға шын мәнінде халықтық сипат берді. Бірнеше ай бойы қоғамда жаңа реформаға қатысты қызу пікірталас жүрді. Осы кезең аралығында жұмыс тобы азаматтар мен сарапшылардан түскен екі мыңнан аса ұсынысты жан-жақты қарастырып, бір жүйеге келтірді. Сонымен қатар, түрлі саяси және қоғамдық алаңдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ашық талқылаулар өтті.

Барлық бастама мен ұсыныстар жүйелі түрде қаралып, талданды. Олар Ата Заңның соңғы мәтінінде тікелей көрініс тапты. Ұсыныстарды қарау қорытындысы бойынша Конституциялық комиссия мүшелері жаңа Конституция жобасына қосымша баптар, редакциялық және стилистикалық түзетулер енгізді.

Осылайша, жаңа Конституция жобасы ашық қоғамдық талқылаулардың, азаматтар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және сарапшылық қауымдастық ұсыныстарын жан-жақты талдаудың нәтижесінде пайда болды.

Жаңа Конституция мәтіні Қазақстан мемлекеттігінің жетілгенін, елдің халықаралық беделін және прогрессивті даму стратегиялық бағытын көрсетеді. Сонымен бірге, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында маңызды рөл атқарған қолданыстағы Ата Заңмен сабақтастықты сақтайды.

Комиссия мүшелерінің айтуынша, Конституцияның 77 бабы өзгеріске ұшыраған. Нәтижесінде қазіргі қолданыстағы Ата Заң 9 бөлім, 99 баптан тұратын болса, оның жаңа жобасында 11 бөлім, 95 бап бар. Құжатта бөлім саны артқанымен, бап санының азююына Мәжіліс пен Сенаттан тұратын Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтайды енгізетініне байланысты баптардың, сон-

дай-ақ, қорытынды ережелер баптарының қысқаруы негіз болды.

Ал жаңадан қосылған екі бөлім «Қазақстан Халық Кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деп аталған. Жалпы алғанда, жаңа Конституцияның мазмұны адамға бағдарланған. Ол заманауи қоғамдық құндылықтарды, мемлекеттік қағидаттарды көрсетеді және саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Жаңа Конституция мәтінінің негізгі ерекшелігі – адам құқықтарына басымдық берілуінде. Атап айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтары тек жаңа преамбулада ғана емес, сонымен бірге толықтай Конституцияның маңызды басымдықтары мен мәндік тірегіне айналды.

Преамбулада бірлік, татулық және этносаралық келісім мемлекеттіліктің негізі ретінде бекітілген. Негізгі мызғымас құндылықтарға Қазақстанның Егемендігі, Тәуелсіздігі, унитарлығы және аумақтық тұтастығы жатады.

Конституциялық деңгейде Әділетті Қазақстан идеясы, Заң мен Тәртіп қағидаты, табиғатқа қамқорлық көрсету қажеттілігі нақтыланып, биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені бекітілді.

Жаңа Конституция жобасында алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасы бекітілді. Сондай-ақ, адвокатура мен адвокаттық қызметке арналған арнайы бап енгізілді.

Адам капиталының, білім, ғылым, мәдениет пен инновацияның дамуына ерекше көңіл бөлінді. Бұл – мемлекет болашағының минералдық ресурстар мен табиғи байлықтарға емес, адам капиталы мен азаматтардың жетістіктеріне байланысты екенін көрсететін шешуші бағыт.

Дін мен мемлекеттің рөлі айқын бөлінген. Білім беру және тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты бекітілген. Неке ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің одағы екені туралы норма енгізілген. Бұл дәстүрлі құндылықтарды қорғауды күшейтіп, әйелдердің құқықтарын жоғары құқықтық деңгейде қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, ұлттық мәдениетті қолдау

және тарихи-мәдени мұраны сақтау негізгі қағидаттардың бірі ретінде бекітілді.

Жаңа Конституцияның орталық жаңалығы – 145 депутаттан құралатын Парламенттің бір палаталы құрылтайға айналуы. Оның өкілеттіктері, заң шығару бастамасы, қарау және қабылдау рәсімдері бөлек бөлімде нақты көрсетілген. Парламенттің алдында үкіметтің жауапкершілігі мен есеп беру механизмдері күшейтілді. Халық Кеңесі халық мүддесін білдіретін, қоғамдық күн тәртібін қалыптастыратын ең жоғары консультативтік орган ретінде конституциялық мәртебе алды. Толық пропорционалды жүйеге көшу – маңызды жаңалық.

Сайлау тек партиялық тізімдер бойынша өткізіледі. Бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және партиялардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін арттырады. Бұрынғы бір мандатты кандидаттар енді праймериз және бәсекелес іріктеуден өтеді, бұл саясатқа кәсіби және ынталы кандидаттардың келуін қамтамасыз етеді. Бұған қоса Вице-Президент институты мен жаңа ұлттық диалог алаңы – Қазақстан Халық Кеңесі құрылады.

Жалпы, бұл Конституцияның ережелері мемлекетіміздің институционалдық негізін


трансформациялау процесінің аяқталуын және мүлдем жаңа конституциялық үлгіге көшуді көздейді. Сонымен қатар, Бас құжат тек заманауи қоғамдық құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын көрсетіп қана қоймай, еліміздің алдағы ілгері дамуы үшін ұзақ мерзімді негіздерін қалайды.

Еліміздің барша азаматтарымен бірге, елу жылдық тарихы бар біздің Алматы технологиялық университетінің оқытушылар мен профессорлар құрамы, сондай-ақ, студенттері де өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын жолдап, талқылауға белсенді қатысқандарын да ерекше атап өтсем артық болмас.

Конституцияның 3-бабының 2-тармағындағы «Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды» – деген заң мәтіндерін біздің университеттің оқытушылары мен студенттері өте қуана қабылдады.

Заңгер болмасам да, Ата Заңдағы әрбір баптың, тайға таңба басқандай, халықтың көкейінде жүрген көптеген сұрақтарына, көкейтесті мәселелеріне айқын да, әділ, түсінікті тілде жауап берілгеніне жеке өзім куә болдым.

БАС ҚҰЖАТ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢҒЫРУҒА НЕГІЗ ҚАЛАЙДЫ



Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның халық талқысына ұсынуы — ұлттық конституциялық модельді трансформациялаудың институционалдық маңызды кезеңін белгілейді. Ұсынылған негізгі заңның редакциясы — саяси партиялардың, азаматтық қоғам институттарының және кәсіби заң қоғамдастығының қатысуымен жүргізілген кешенді сараптамалық пысықтаудың нәтижесі.

Жаңа Конституция тұжырымдамасын әзірлеуге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде заң факультетінің профессорлық-оқытушылық құрамы қатысуы

құжаттың ғылыми тұрғыдан терең әрі жан-жақты пысықталғанын көрсетеді. Университет қабырғасында бірнеше мәрте ғылыми талқылауларда заңгер-ғалымдар конститу-

циялық реформаның мазмұнына қатысты ұсыныстарын білдіріп, құқықтар мен бостандықтарды нығайту, билік тармақтарының тепе-теңдігін жетілдіру мәселелерін көтерді.

Конституцияның жобасын дайындау саяси-құқықтық жүйе эволюциясының объективті үрдістерімен және қоғамдық қатынастардың күрделенуі жағдайында мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру қажеттілігімен айқындалады. Бұл жария және жеке мүдделер теңгерімін қамтамасыз ететін реттеудің конституциялық-құқықтық тетіктерін жаңғырту міндетін өзектендіреді. Жоба адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының конституциялық кепілдіктері жүйесін нығайтуға, заң үстемдігі қағидатын бекітуге және оны құқық қолдану тәжірибесіне енгізуге бағытталған.

Ағымдағы тарихи кезеңде негізгі заңды өзектендіру мемлекеттілікті қазіргі заманғы сын-тегеуріндерге бейімдеуге бағытталған конституциялық жаңартудың стратегиялық негізделген нысаны ретінде қарастырылуы мүмкін. Конституция осы тұрғыда мемлекеттік биліктің архитектурасын бекітетін және қоғамдық дамудың нормативтік өлшемдерін белгілейтін мемлекеттің конституциялық бірегейлігінің негізгі элементі болып есептеледі. Конституциялық реттеудің сапасы мемлекеттік-құқықтық жүйенің тұрақтылығымен және оның институционалдық динамикасының болжамдылығымен тікелей байланысты.

Конституцияның преамбуласында табиғатты аялау қажеттілігінің мойындалуы – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен сақтау жалпы ұлттық құндылық ретінде қабылданатынын көрсететін идеологиялық және құқықтық бағдар. Азаматтардың табиғатты сақтау және табиғи байлықтарға ұқыпты қарау міндеті тек құқықтық талап қана емес, сонымен бірге экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік норма болып табылады. Бұл міндет қоғам мен мемлекет арасындағы экологиялық әріптестіктің құқықтық негізін құрайды.

Конституциялық қағидаға сәйкес, меншік иесі өз мүлкін пайдалану барысында

қоғамдық игілікке қызмет етуге, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, сондай-ақ өзге тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға міндетті. Бұл ереже меншік құқығының әлеуметтік жауапкершілікпен тығыз байланыста жүзеге асырылатынын көрсетеді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің негізгі функцияларының бірі екендігін айқындайды.

Мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтауды стратегиялық мақсат ретінде белгілейді. Конституциялық тұрғыда экологиялық құқықтық реттеу тек табиғатты қорғау шараларымен шектелмей, адам құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Қоршаған ортаның сапасы азаматтардың өмір сүру деңгейіне, қоғамдық денсаулыққа және ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін конституциялық құндылық болып табылады.

Конституция жобасында Құрылтай қоршаған ортаны қорғауға қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз қалаушы қағидаттар мен нормаларды бекіту құқығына ие. Бұл – экологиялық құқықтың конституциялық деңгейде танылғанын және оның құқықтық жүйедегі іргелі орнын білдіреді. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттарының бірі ретінде жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру міндетінің белгіленуі мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясында экологиялық жауапкершіліктің басым бағыттары екенін дәлелдейді.

Осылайша, Ата Заңымызда экологиялық қағидаттар конституциялық деңгейде бекітіліп, меншік құқығын жүзеге асырудан бастап азаматтық жауапкершілікке дейінгі барлық қоғамдық қатынастарға кешенді ықпал етеді.

**Гульнур РАШЕВА,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Заң факультетінің
кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының доценті м.а.,
философия докторы (PhD)**

ТАТУЛАСТЫРУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘРТІБІ БАР

Кешірімділік пен келісім қазаққа тән қасиеттер болғандықтан, тәуелсіз елімізге дау шешудің баламалы тәсілдері уақыт талабына сай жаңғыртылуда. Қазақстанның Медиация туралы заңында жеке және заңды тұлғалардың дауды өзара келісіммен бітіруіне барлық мүмкіндік қарастырылған. Осыған орай мақалаға Азаматтық процесстік кодекстің (АПК) 17-тарауы — татуластыру шаралары арқау етіледі. Тараптар дауды ортақ мәмілемен бітіру үшін татуластыру шараларын немесе медиация тәртібін, партисипативтік рәсім, дауды сотқа дейін реттеу хаттамасының бірін таңдайды. Яғни, осы аталғандардың қайсысы болса да тараптардың қалауымен жүзеге асырылады. Соған сәйкес, оларға судья, медиатор, адвокат, заңгер заңмен белгіленген тәртіпте көмектеседі.

Бұл рәсімдерді жүзеге асырудың өз тәртібі бар. Айтып өтерлігі, бітімгершілік институтының қолданыс аясын одан әрі кеңейту мақсатында судьяға татуласу келісімін



Лилия ИСМАИЛБАЕВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының
судьясы

бекіту туралы өтінішхатты процесс барысында қарау құқы АПК-мен берілді. Осы кодекстің 150-бабында көрсетілгендей, судья талап-арыз келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Сотқа жүгінушілерге дауды келісіммен бітіру, яғни, татуласудың артықшылықтарын жан-жақты түсіндіреді.

Татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ал сотқа дейінгі хаттама осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Татуласу рәсімдері АПК-нің 17-тарауында көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Судья тараптардың дауды процестің барлық сатысында ортақ мәмілемен реттеуіне жәрдемдеседі. Татуласу келісімін сот актісінің орындалуы кезінде жасауға болады. Бұл үшін тараптар судья немесе медиатордың көмегімен дауды реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеулері тиіс.

Тараптар татуласу келісімін жазбаша түрде жасап, оған өздері немесе өкілдері қол қояды. Өкілге сенімхатпен татуласу келісімін жасау өкілеттігі белгілену керек, олай болмаған жағдайда татуласу келісіміне қол қоя алмайды. Бұған қоса татуласу келісімінде шарттарды орындау уақыты мен тәртібі көрсетілуі керек. Айтып өтерлігі татуласу келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға болмайды. Десек те, онда мерзімдері нақты көрсетілген жағдайда жауапкердің өз міндеттемелерін орындауын кейінге қалдыру немесе ұзарту, талап ету құқығын басқаға беру, борышты толық немесе ішінара кешіру не мойындау, сот шығыстарын бөлу, келісімді мәжбүрлеп орындау туралы және заңға қайшы келмейтін өзге де шарттарды қамту мүмкіндігі бар.

Татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты судья сот отырысында 177-бап талабына сәйкес қарайды. Егер тараптардың бірі сот отырысына келмесе немесе өтінішхатты өзінің қатысуынсыз қарау туралы арыз бермесе мұндай кезде татуласу келісімі қаралмайды. Сотта татуласу келісімін жасасудың құқықтық салдары тараптарға ол бекітілмей тұрып түсіндіріледі. Екі жақ толықтай қолдаған жағдайда ғана татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым шығарылады.

Ескерерлігі, татуласу келісімінің қандай да бір бөлігі заңға қайшы келсе, сондай-ақ, өзге адамдардың құқықтары мен заңды мүд-

делерін бұзатын болса бекітілмейді. Бұл туралы ұйғарым шығарылады әрі ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Мұндай ұйғарымға шағым жасалмайды, сондай-ақ, прокурордың өтінішхаты негізінде қайта қаралмайды.

Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішхатында көрсетілуі мүмкін. Сот ұйғарымында татуласу келісімін бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, оның шарттары мен орындау мерзімдері, сот шығындарын бөлу, мемлекеттік бажды қайтару қамтылады.

Енді сот актісін орындау сатысында жасалатын татуласу келісімі туралы айтып өтсек, мұндай татуласу келісімі сот актісі орындалатын аумақтағы бірінші саты немесе оны қабылдаған соттың бекітуіне ұсынылады. Ұйғарым бекітілген соң да апелляциялық сатыға жеке шағым беру, прокурордың өтінішхат келтіру мүмкіндігі заңмен қарастырылған.

Тараптар осы келісімде көзделген тәртіппен дер уақытында ерікті түрде орындауға міндетті. Ерікті түрде орындаған жағдайда бір тараптың өтінішхатымен сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындатылады.

Қазақстандық сот жүйесінде дана билеріміздің төрелік айту дәстүрі осылайша татуластыру рәсімдерімен жалғасуда. Халқымыз ежелден сөзге тоқтай білген. Содан болар, сот жүйесінде іске асырылып жатқан татуластыру шаралары өзінің тиімділігін көрсетуде. Бүгінде соттар дауды ушықтырмай шешу үшін тараптардың татуласуына қажетті шараларды қабылдайды. Бұл өз кезегінде азаматтардың өзара келісімге келуіне ықпал етеді.

Дау туындаған жағдайда оның татуласу шараларының аясында шешілгені абзал. Өйткені, халқымызда «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген қанатты сөз бар. Дамыған елдер қатарынан орын алу үшін қоғамда құқықтық мәдениет жоғары деңгейде дамуы керек. Осы деңгейге жетуге әрбір қазақстандық атсалысса нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, татуластыру шаралары қоғамның құқықтық мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады.

Ерлан НҰРМАХАНБЕТОВ,

Жамбыл облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы:

«КОДЕКСТЕГІ ЖЕҢІЛДІКТЕР ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ»

Биыл қолданысқа енгізілген жаңа Салық кодексінде үш арнаулы салық режимі көзделген. Атап айтсақ, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізіндегі және шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режимдері. Біз осыған орай Жамбыл облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы Ерлан НҰРМАХАНБЕТОВТЕН заңнамадағы өзгерістерді түсіндіріп беруді сұраған едік.



– Ербол Мирамбекұлы, қазіргі өзекті сұрақтардың бірі оңайлатылған декларация негізіндегі салық режиміне қатысты деуге болады. АСР қолдану үшін бизнес субъектілері салық салу режимі туралы хабарламаны 1 наурызға дейін ұсынбаған жағдайда не болады?

– Осы хабарламаны ұсынбаған, яғни, режимді таңдамаған салық төлеушілер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде көшіріледі. Жалпыға бірдей тәртіпте: 1) салық салу 10 пайызбен жүзеге асырылады (салыстырмалы түрде АСР 2%, яғни 5 есеге көп. 2) Бухгалтерлік есептемелерді жүргізуге міндеттеме туындайды. 3) Табыс-

тарыңыз шекті мөлшермеден асқан жағдайда (43,2 млн тг.) онда ҚҚС төлеуші ретінде тіркелу және ҚҚС 16% ставкамен төлеуге міндеттеме туындайды. 4) Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР-ге көшуді тек бір жыл өткен соң ғана жүзеге асыра аласыз.

– 2025 жылы патент немесе арнайы мобильды қосымша негізінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған тұлғалар, ары қарай кәсіпкерлік қызметін жалғастырғысы келсе не істеу керек?

– Егер патентпен немесе мобильды қосымшамен жұмыс істеген кәсіпкер ары қарай кәсіпкерлік жұмыс жасауды шешсе, оларға екі жолы бар. Біріншісі – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар режиміне көшуге болады, ол

үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар шарттарға сай келуі керек. Атап айтсақ, арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесіндегі қызмет түрі сай келуі тиіс. Онда рұқсат етілген қырық қызмет түрі бар. Мысалы, такси қызметі, жеке немесе жалға алынған тұрғын үйді жалға алу, ветеринариялық қызмет, аяқ киімді жөндеу, шаштараздар, сұлулық салондары және т. б. қызметтері.

Екіншіден, кәсіпкерлігі болмау тиіс. Үшіншіден, табыс көлемі айына 300 АЕК-тен аспауы (1,297 млн) керек. Төртіншіден, жалдамауы адам болмауы тиіс. Осы режимді қолдану үшін шарттарға сай келсе, патентпен істеген тұлға жеке кәсіпкерлікті жабу керек. Бұл ретте, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданудың басталу күні «E-Salyq Business» мобильді қосымшасында алғашқы чектің қалыптастырылған күні болып табылады.

– Бұл режим не үшін керек болды?

– Бұл режим жалпы микро бизнесті көлеңкеден шығаруға және осы тұлғаларды әлеуметтік қамсыздандыруға, яғни базалық әлеуметтік кепілдіктерді беруге бағытталған. Бұл режимді тек жеке тұлғалар ғана қолдана алады (заңды тұлғаларға болмайды).

Екінші жолы – оңайлатылған декларация негізіндегі АСР таңдау үшін 28 ақпаннан кешіктірмей хабарлама ұсыну. Егер 2025 жылы патент негізіндегі немесе арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып АСР-ін қолданған салық төлеушілер ЖК-ні өз бетінше жаппаса немесе оңайлатылған декларация негізіндегі АСР қолдану үшін хабарлама ұсынбаса, онда – 2026 жылғы 1 наурызында салық органдары осы санаттағы кәсіпкерлерді автоматты түрде жеке кәсіпкер ретінде есептен шығарады. Есептен шығару күні 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Біраз кәсіпкерлер жалпыға бірдей тәртіпке ауысып жатыр. Осыған орай оларға бухгалтерлік есеп жүргізуге міндеттеме туындайды, ал нақты келгенде қандай жағдайда бухгалтерлік есептемелерді жүргізбеуге кәсіпкердің құқығы бар?

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңның нормалары не-

гізінде дара кәсіпкерлер бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін болса, бухгалтерлік есептемелерді жүзеге асырмауға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданады және күнтізбелік жылдағы табысы айлық есептік көрсеткіштің 135 000 еселенген мөлшерінен (583 875 000 теңге) аспайды;

2) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінде тұрмайды;

3) табиғи монополия субъектілері болып табылмайды.

Осы тармақта көрсетілген шарттардың бірі сәйкес келмеген жағдайда, дара кәсіпкер осындай сәйкессіздік туындаған айдан кейінгі айдан бастап бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асыруға міндетті. Бір сөзбен айтқанда, осы шарттар бірден сақталған жағдайда, кәсіпкер бухгалтерлік есептерді жүргізбеуге құқылы.

– Қолданысқа енген кодексте халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қандай жеңілдіктер қарастырылған?

– I және II топтағы мүгедектер үшін Салық кодексінде қолданыстағы 882 АЕК-тен (айына 289 мың теңге) салық салынбайтын табыс салығының ең аз мөлшері 5 000 АЕК-ке (айына 1600 мың теңге) дейін ұлғайтылды.

ЖЗҚ-дан зейнетақы төлеу кезінде азаматтарды табыс салығын төлеуден босатты.

Азаматтар үшін көлік салығының мөлшері 10 жылдан асқан автомобильге – 30 пайызға және 20 жылдан асса – 50 пайызға азайды. Бұл өзгеріс 2026 жылға төлеу кезінде, яғни 2027 жылдың 1 сәуірінде төлеушілер үшін.

Прогрессивті салық салуды енгізу шеңберінде жалақыдан стандартты салық салынбайтын шегерім ұлғайтылды. Атап айтқанда, базалық салық шегерімі енгізіліп отыр. Осылайша, жалақысы 140 мың теңгеге дейінгі төмен жалақы алатын қызметкерлер табыс салығын төлемейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
журналист

ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Мемлекетіміздің 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы әлемдегі ең дамыған елдер қатарынан көріну міндетін қойып отыр. Мұны айтып отырғанымыз, елдің дамуы экономикаға қаншалықты тәуелді болса, біз одан шағын бизнесті бөліп қарай алмаймыз. Мысалы, мемлекеттік сатып алуға тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында түсініспеушілік, заң білмеушілік салдарынан туындайтын даулар сотқа аз түспейді. Бұл мәселеге баса айтарлығы, мемлекеттік сатып алу процесінде туындайтын барлық дау заң аясында шешіледі. Осы мақсатта Мемлекеттік сатып алу туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.



**Абзал ШАКУАЛ,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық сотының
судьясы**

Мемлекеттік сатып алу саласында қаражаттың тиімді жұмсалуды оған қатысушылардың жауапкершілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік сатып алу ережелерін бұлжытпай орындап, міндеттемелеріне адалдық танытқандар ел экономикасының одан әрі жақсаруына өз үлестерін қосатыны айдан анық. Дегенмен, «бес саусақтың бірдей еместігі» секілді мемлекеттік сатып алуға

қатысушылар арасында да әртүрлі адам бар. Оларға қатысты жауапкершілік аталған заңмен бекітілді. Яғни, «Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі» арқылы мұндай қатысушылар анықталып, мемлекеттік тапсырысқа белгілі бір уақытқа дейін қатысу мүмкіндігінен айырылады.

Жалпы, бизнес өкілдері мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы. Сондай жағдайда тапсырыс берушімен қатар оны жеткізуші де есте сақтауға тиісті міндеттер бар. Даулар көбіне осы міндеттерді сақтамаудан тұады. Мәселен, келісілген шартты тиісінше орындамау немесе одан бас тарту, жалған мәлімет беру, өзге де талаптарды бұзу өз кезегінде жеткізушіні сот арқылы мемлекеттік сатып алуда жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болады. Олар жосықсыз қатысушылар тізіліміне енеді.

Мұндай жосықсыз қатысушылардың қатарына – жеңімпаз ретінде айқындалғанымен, сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер, біліктілік талаптарына немесе конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарда анық ақпарат бермейтін әлеуетті және өзге де өнім берушілер, сонымен қатар, өздерімен жасалған сатып алу туралы шарттарда өз міндеттемелерін нақты әрі тиісті түрде орындамаған өнім берушілер жатады.

Әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарса сол күнді қоса есептегенде он жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке бұл туралы мәліметтер жіберуі тиіс. Ал тапсырыс беруші сатып алуды ұйымдастырушының қандай да бір заң бұзушылық фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті және басқа өнім берушіні сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен жүгінуге міндетті. Бұлай етпеу мемлекеттік сатып алу туралы келісімшартты тиісті түрде орындамаған жауапкерді жосықсыз қатысушы ретінде тануға кедергі келтіреді. Яғни, мұндай әрекетсіздік әлеуетті өнім берушіні жауапкершіліктен босатып, бұдан әрі мем-

лекеттік сатып алуға қатысуына мүмкіндік береді. Сондықтан, әрбір адам заңмен міндеттелген жауапкершілікті орындауы керек.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 8-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шешімінің, ал аталған бап тармағының 2) және 3) тармақшаларымен көрсетілген сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде қалыптастырылады.

Сонымен қатар, осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес, сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті және басқа да өнім берушілер тапсырыс берушінің оларды сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі қабылданған күннен бастап екі жыл бойы сатып алуға қатыса алмайды. 8-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларының негізінде сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілгендер соттың оны жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

Сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы шешімге ел заңнамасына сәйкес шағым жасалады. Міндеттеме шарттары мен заң талаптары мінсіз орындауды талап етеді. Осы себепті, заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Азаматтық сот ісі тараптардың тең құқығы негізінде жүргізілетіндіктен, олар өздерінің процессуалдық міндеттерін бірдей орындауы тиіс.

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ӨНЕРКӘСІПТІК САЯСАТҚА СЕРПІН БЕРДІ

Мемлекет басшысының халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында «жаңа индустриализация толқыны қажет» деп технологиялық жағынан озық, автоматтандырылған, жоғары тиімді өндіріс орындарын құру керектігін айтуы бекер емес. Өйткені, экономиканың әртараптандырылуы мен өңдеу секторының жегел дамуы өз кезегінде халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттырады.



Осы ретте 2021 жылы «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң қабылданып, бірқатар жаңа бағдарламалар іске қосылды. Аталған заңды елімізде жаңа өнеркәсіптік саясатты қарқынды дамытуға құқықтық негіз қалады деуге толық негіз бар. Сөзіміз жалаң болмас үшін айтып өтерлігі, осы заңның 9-тармағымен «өнеркәсіп – пайдалы қазбалар өндіруге, өңдеу өнеркәсібіне, электр энергиясымен, газбен және бумен қамта-

масыз етуге, ауаны баптауға, сумен жабдықтауға, су бұруға, қалдықтарды жинауға және кәдеге жаратуға, сондай-ақ, ластануды жоюға жататын экономикалық қызмет түрлерінің жиынтығын білдіретін экономика саласы», ал 17-тармағында өнеркәсіптік саясат – мемлекет жүзеге асыратын және өнеркәсіпті ынталандыру мен дамытуға бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шара-

лар жүйесі» деп нақты бекітілді. Сонымен қатар, қазіргі таңда 2023–2029 жылдарға арналған өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы нәтижелі жүзеге асырылуда.

Жаңа өнеркәсіптік саясат ел экономикасын өркендету арқылы халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатын көздейді. Арыға бармай-ақ, өткен жылғы көрсеткіштерге шолу жасасақ, өңдеу өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқан Республикамыздың әр аумағынан былтыр 33 жаңа өнеркәсіптік кәсіпорын ашылды. Осы жаңа нысандар металлургия, машина жасау, химия, т.б. өндіріс орындарынан бастап, жеңіл өндірістік бағыттарға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Бұлар мыңдаған адамның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік берді. Нақты айтсақ, Алматыда іске қосылған «Astana Motors Manufacturing Kazakhstan» ЖШС-да 3 600 адам еңбек етеді.

Қостанай өңірінде бір емес бірнеше ірі жоба іске асса, соның бірі «KIA Qazaqstan» зауыты. Бұл зауыт жылына 70 мың автокөлік шығарады. Ал Павлодар облысында ферроқорытпа өндірісі қарқынды дамуда, «EkibastuzFerroAlloys» бен «Kazferro Limited» кәсіпорындары жылына жүздеген мың тонна ферросилиций өндіруде.

Мұндай жетістіктен Қарағанды облысы да қалмайды. «Qaragandy Power Silicon» және «ТЭМПО-Казахстан» зауыттары мыңнан астам адамды жұмыспен тұрақты түрде қамтып отыр. Бұған қоса, Түркістан, Алматы, Атырау облыстары мен Шымкент қаласында химия, құрылыс материалдарын өндіретін жаңа кәсіпорындар іске қосылды. Бұлардың қатарында газаблок, радиатор, полиэтилен қап, минералды жылытқыштар мен резеңке-пластмасса бұйымдарын шығаратын зауыттар бар. Түркістан облысында құрылған «CENTRAL ASIA ALUMINIUM» ЖШС алюминий профилінің өндірісі жергілікті халықты 250 жұмыс орнымен қамтыды. Елордада ашылған «БайконурСтройСнаб» ЖШС көлік бөлшектерін шығарумен айналысады.

Осындай жаңа өндіріс орындарының іске қосылуы экономиканың нақты секторын дамытып қана қойған жоқ, сонымен бірге өңірлердегі әлеуметтік жағдайдың жанда-

нуына серпін берді. Яғни, экономиканы әртараптандыруға, өңірлерді дамытуға және елдің өнеркәсіптік базасын нығайтуға маңызды үлес қосты.

Енді жаңа өнеркәсіптік саясатты дамытудағы осы жылға жоспарланып отырған жобаларға тоқталсақ, олардың саны екі жүзді құрайды. Осы жобалар аясында 19,4 мыңға жуық жұмыс орнын құру жоспары бар. Бұлардың басым бөлігі, нақты айтқанда 186 жоба өңдеу өнеркәсібі. Өнеркәсіптік әлеуетті арттырып, экономикалық өсімді қамтамасыз ететін жобалар өз кезегінде бизнестің әртүрлі саласын жан-жақты мүмкіндікке ие етеді. Бұл шаралар Мемлекет басшысының «2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есеге ұлғайтуға толығымен қол жеткізуге болады» деген сөзінің бекер еместігін көрсетіп отыр.

Осы тұста сарапшылар пікіріне жүгінсек, олар жүзеге асырылып жатқан жаңа өнеркәсіптік саясаттың құндылығын экономиканы шикізатқа тәуелсіз етумен байланыстырады. Яғни, «шикізатты сыртқа сатқаннан гөрі, оны өзімізде өңдеп, жоғары технологиялы өнім шығару анағұрлым пайдалы, сонда ғана экономикалық өсім халықтың табысына айналады» дейді. Қалай дегенде де, өңдеу секторының тұрақты жұмыс орындарының көзі екені анық. Үкімет тарапынан атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар, мысалы, әрбір жаңадан салынған зауыт, мектеп, инфрақұрылым, бұлар жаңа жұмыс орындары, барлығы әлеуметтік тұрақтылыққа кепіл болады.

Еліміз қазіргі күні экономикалық трансформацияның жаңа кезеңінде тұр. Ең көп дегенде алдағы он жылдың ішінде мемлекетіміз шикізаттық тәуелділіктен арылып, технологиялық, ғылымға негізделген индустриялық елге айналса онда басты мақсаттың орындалғаны. Ол үшін жаңа өнеркәсіптік саясат, өңдеу өнеркәсібі және индустриалды-инновациялық өрлеу бағыттарын одан әрі дамыту шаралары жалғаса береді.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист

Алтыншаш АЗМАГАМБЕТОВА, қаржыгер:

«ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ – ҚАРАПАЙЫМ ДАҒДЫЛАРДАН ҚАЛЫПТАСАДЫ»

Қаржы жүйесі кез келген ел экономикасының тірегі саналады. Қазақстанда соңғы жылдары халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржы секторын дамыту және салық саясатын жетілдіру мәселелері жиі көтеріліп келеді. Сарапшылардың айтуынша, қаржылық білім деңгейі азаматтардың жеке бюджетін дұрыс басқаруына ғана емес, сонымен қатар жалпы экономиканың тұрақты дамуына да тікелей әсер етеді. Бүгінде қазақстандықтар арасында банк қызметтерін пайдалану, несие алу, депозит ашу, инвестиция жасау сияқты қаржылық құралдарға қызығушылық артып келеді. Алайда мамандар халықтың бір бөлігінде қаржылық жоспарлау мен тәуекелдерді бағалау мәдениеті әлі де толық қалыптаса

қоймағанын айтады. Осы тұрғыда қаржылық сауаттылықты арттыру, тиімді салық саясатын қалыптастыру және қаржы секторын дамыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы тақырып төңірегінде қаржыгер Алтыншаш Азмагамбетовамен сұхбаттасып, Қазақстандағы қаржы жүйесінің қазіргі жағдайы, халықтың қаржылық сауаттылығы және салық саясатының экономикаға әсері туралы пікірін сұрадық.

– Қазақстанда қаржы секторын дамыту мәселесі соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Сіздің ойыңызша, қазіргі қаржы жүйесінің негізгі әлсіз тұстары қандай?

– Менің ойымша, Қазақстандағы қаржы секторына халықтың сенімі толық қалыптасқан деп айту қиын, шамамен 50/50 деңгейінде деуге болады. Оның басты себептерінің бірі – қаржы саласына қатысты ақпараттың



көп жағдайда қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізілмеуі. Көптеген азаматтар қаржылық құралдар, банктік қызметтер немесе мемлекеттік қаржы саясаты туралы толық әрі нақты ақпарат ала бермейді. Соның салдарынан адамдарда сенім емес, керісінше күмән пайда болуы мүмкін. Екінші мәселе – банктік сектордың жұмыс істеу ерекшеліктері. Кейбір жағдайда халық банктердің шарттарын, пайыздық мөлшерлемелерін немесе қызмет көрсету талаптарын толық түсіне бермейді. Үшінші фактор – халықпен жұмыс істеу тәсілі. Қаржы жүйесі халыққа барынша түсінікті, ашық және қолжетімді болуы керек. Әрине, әр адамның пікірі әртүрлі. Дегенмен соған қарамастан, қоғамның белгілі бір бөлігінде қаржы саясатына деген сенімсіздік пен күмән әлі де байқалады.

– Сарапшылар халықтың қаржылық сауаттылығы әлі де төмен екенін айтты. Қазақстанда бұл бағыттағы негізгі проблемалар қандай?

– Иә, сарапшылар арасында халықтың қаржылық сауаттылығы әлі де жеткілікті деңгейде емес деген пікір жиі айтылады. Қазақстанда жағдайы жақсы азаматтар да бар, қаржылық қиындық көріп отырған адамдар да бар. Бірақ бұл мәселе тек адамның қалтасындағы ақшаға ғана байланысты деп айту дұрыс емес. Көп жағдайда ол адамдардың қаржыға деген көзқарасына, қабылдауына, яғни, санасына байланысты деп ойлаймын. Негізінде әр адам алғашқы тәрбиені отбасынан алады, кейін қоғамнан, мемлекеттен және қоршаған ортадан әсер көреді. Қазіргі уақытта әлем де, қоғам да өзгеріп жатыр. Соған сәйкес адамдар да жаңа жағдайларға бейімделуге тырысып келеді. Бүгінде ақпарат өте көп. Қаржылық білім, өзін-өзі дамыту, жеке қаржыны басқару туралы түрлі бағдарламалар, жобалар мен әдістемелер ұсынылуда. Әр адам өзіне қажеттісін таңдап, соны үйренуге мүмкіндігі бар. Бірақ, бұл жерде ең бастысы – адамның өз ниеті мен жауапкершілігі. Сонымен қатар кейбір адамдар қаржылық мәселелерін өздері шешудің орнына мемлекеттен немесе басқа біреуден көмек күтетін жағдайлар да кездеседі. Дегенмен, қоғамда өмірлік қиындықтарға тап болған адамдар да бар. Осындай кезде қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік

қолдау жүйелері маңызды рөл атқарады деп есептеймін.

– Қаржылық сауаттылық дегенді көп адам тек ақша үнемдеу деп түсінеді. Негізінде ол қандай дағдыларды қамтиды?

– Иә, дұрыс айтасыз. Көп жағдайда адамдар «қаржылық сауаттылық» дегенді әр тиынды үнемдеу, өзіне ештеңе алмау немесе тек ақша жинаумен байланыстырып жатады. Кейбіреулер, тіпті, қаржылай сауатты болуды тек кредит алмау, барлық шығынды барынша қысқарту деп түсінеді. Бірақ шын мәнінде қаржылық сауаттылықтың мәні бұдан әлдеқайда кең. Қаржылық сауаттылық – бұл тек қалтадағы ақшаның мөлшері емес, ең алдымен адамның ойлау жүйесі мен қаржыға деген көзқарасы. Өмірде түрлі жағдайлар болады. Бүгін табыс жақсы болуы мүмкін, ал ертең табыс азаюы немесе мүлде өзгеруі ықтимал. Осындай кезде адам қаржылық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да тұрақты болуы маңызды. Қаржылық сауаттылық адамның өз қаржысын дұрыс жоспарлай білуін, табыс пен шығынды басқаруын, болашаққа қор жинауын, сонымен қатар өзіне белгілі бір деңгейде мүмкіндік бере алуын қамтиды. Яғни, бұл тек үнемдеу ғана емес, қаржылық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану, білімін арттыру және саналы шешім қабылдау қабілеті. Сондықтан қаржылық сауатты адам тек ақша жинап қана қоймайды, ең алдымен өзінің білімін, түсінігін дамытады. Өйткені қаржыны дұрыс басқарудың негізі – білім мен дұрыс ойлау жүйесі. Адам ішкі тепе-теңдігін сақтап, өз өмірін дұрыс жоспарлаған кезде, қаржы мәселелері де біртіндеп ретке келе бастайды.

– Салық саясаты экономика дамуына тікелей әсер етеді. Қазақстандағы қазіргі салық жүйесіне қаржыгер ретінде қандай баға берер едіңіз?

– Салық саясаты шынымен де экономиканың дамуына тікелей ықпал етеді. 2026 жылы бұл салада, әсіресе кәсіпкерлер үшін бірқатар өзгерістер болды. Соның әсерінен кейбір әлсіз немесе тұрақсыз бизнес түрлері нарықта қиындықтарға тап болып жатыр. Бірақ сонымен қатар жаңа кәсіптер пайда болып, кейбір бизнес бағыттары керісінше дамып, күшейіп келеді. Әсіресе жеке кәсіп-

керлік (ИП) саласында өзгерістер көп болды. Дегенмен, осы өзгерістерге бейімделе алған кәсіпкерлер өз бизнестерін одан әрі дамытып, тіпті масштабтауға ұмтылып жатыр. Сондықтан мұны тек қиындық деп қарау дұрыс емес, бұл белгілі бір деңгейде жаңа мүмкіндіктер де ашады. Нарықта ең тұрақты, жүйелі жұмыс істейтін кәсіптер ғана сақталып, дамуға мүмкіндік алады деп ойлаймын. Сонымен бірге кәсіпті енді бастап жатқан немесе шағын бизнес иелері үшін ақпараттың қолжетімді әрі түсінікті болуы өте маңызды. Қазіргі кезде халық арасында түрлі қауесеттер мен дұрыс емес мәліметтер көп таралып жатыр. Әсіресе әлеуметтік желілер мен интернетте салыққа қатысты шынайы емес ақпараттар жиі кездеседі. Соның салдарынан көптеген адамдарда негізсіз қорқыныш пайда болған. Мысалы, кейбір азаматтар қарапайым банк аударымдарын қабылдаудан да қорқып жатады. «Мемлекет тексеріп қояды», «камералдық тексеруге шақырады» деген сияқты ойлар адамдарды алаңдатады. Ал шын мәнінде көп жағдайда мәселе ақпараттың дұрыс түсіндірілмеуінен туындайды. Сондықтан мемлекет тарапынан салық саясатын қарапайым, түсінікті тілмен түсіндіретін, адамдарды қорқытпай, керісінше кәсіпкерлікке ынталандыратын ақпараттық жұмыстар көбірек жүргізілсе, бұл қоғам үшін де, экономика үшін де пайдалы болар еді деп ойлаймын.

– Қаржы секторын дамыту, қаржылық сауаттылық және салық саясаты – осы үш бағыт бір-бірімен қалай байланысты?

– Бұл үш бағыт бір-бірімен өте тығыз байланысты. Қаржы саясаты көбіне мемлекеттік деңгейде қалыптасатындықтан, қарапайым халыққа оның қалай жұмыс істейтіні кейде түсініксіз болып жатады. Яғни, көптеген азаматтар қаржы жүйесінде қандай өзгерістер болып жатқанын немесе олардың жеке өміріне қалай әсер ететінін толық біле бермейді. Мысалы, адамдардың зейнетақы қорында жиналып жатқан қаражаты бар. Бірақ оны қалай тиімді пайдалану немесе қандай мүмкіндіктер бар екені туралы ақпарат бәріне бірдей түсінікті емес. Соның салдарынан көп адам өз қаржысына қатысты шешім қабылдауда сенімсіздік танытады. Қаржылық

сауаттылық мәселесіне келсек, қоғамда әлі де белгілі бір шектеулер мен қорқыныштар бар. Кейбір адамдар қаржы тақырыбына сақтықпен қарайды, көбінесе тек үнемдеумен шектеледі. Бұл көбіне ақпараттың жеткіліксіздігінен немесе қаржылық білімнің аздығынан туындайды. Ал салық саясаты кәсіпкерлерге де, өз ісін бастауға немесе дамытуға ниетті адамдарға да тікелей әсер етеді. Кей жағдайда жаңа талаптар мен өзгерістер адамдарға күрделі немесе түсініксіз болып көрінуі мүмкін. Соның нәтижесінде кейбір азаматтарда қорқыныш немесе сенімсіздік пайда болады. Сондықтан қаржы секторын дамыту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және салық саясатын түсінікті ету – бір-бірін толықтырып тұратын бағыттар. Егер бұл үш сала үйлесімді жұмыс істесе, адамдар қаржылық жүйені жақсырақ түсініп, экономикаға да белсендірек қатыса бастайды.

– Қарапайым азаматтарға қаржылық тұрақтылыққа жету үшін қандай негізгі кеңес берер едіңіз?

– Қаржылық тұрақтылыққа жетудің ең алғашқы қадамы – өз қаржыңды бақылауды үйрену. Яғни адам алдымен өзінің табысы мен шығынын нақты түсінуі керек. Көп жағдайда адамдар қанша ақша табатынын біледі, бірақ сол ақшаның қайда кетіп жатқанын байқамай қалады. Сондықтан ең қарапайым қадам – жеке бюджетті жоспарлау. Екінші маңызды нәрсе – қаржылық «қауіпсіздік жастығын» қалыптастыру. Кез келген адамның өмірінде күтпеген жағдайлар болуы мүмкін. Сол кезде қаржылық қиындыққа тап болмас үшін белгілі бір мөлшерде жинақ болғаны дұрыс. Сонымен қатар қаржылық сауаттылықты үнемі дамыту қажет. Қаржы туралы білімді арттыру, банк қызметтерін, инвестиция мүмкіндіктерін және қаржыны басқару тәсілдерін түсіну адамға дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Ең бастысы – табыс пен шығын арасында тепе-теңдікті сақтап, қаржыға саналы көзқараспен қарау. Уақыт өте келе осындай қарапайым дағдылар адамның қаржылық тұрақтылығын қалыптастырады.

– Өңгімеңізге рақмет!

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
журналист**

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ: МҮМКІНДІКТЕР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстанда тұрғын үй мәселесі халықтың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететін маңызды салалардың бірі болып табылады. Сондықтан мемлекет тұрғындарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында арнайы бағдарламалар мен реформаларды жүзеге асырып келеді.

Еліміздің тұрғын үй саясатының негізгі мақсаты – халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарына қолжетімді әрі сапалы тұрғын үй ұсыну. Бұл бағытта мемлекет ипотекалық бағдарламаларды дамытып, тұрғын үй құрылысын арттыруға ерекше көңіл бөлуде. Соның нәтижесінде соңғы жылдары көптеген жаңа тұрғын үй кешендері салынып, азаматтардың баспаналы болуына мүмкіндік жасауда.

Тұрғын үй саясатын жүзеге асыруда мемлекеттік органдардың рөлі ерекше. Бұл бағыттағы негізгі жұмыстарды Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және жергілікті әкімдіктер атқарады. Мемлекет тұрғын үй құрылысын көбейту, ипотекалық бағдарламаларды дамыту және әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету арқылы халықты баспанамен қамтамасыз етуге тырысуда. Бұл саясаттың басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Осы мақсатта 2026 жылы да бірқатар мемлекеттік бағдарлама жұмысын жалғастырады. Осы ретте арнайы сайттардағы мәліметтер бойынша қандай бағдарламалармен баспана алуға болатынына шолу жасасақ.

Отбасы банкінің мәліметінше, «Наурыз» бағдарламасы кемінде 2031 жылға дейін жұмыс істейді. Бағдарлама аясында пайыздық мөлшерлеме – 9%, ал әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін 7% болып

белгіленген. Астана мен Алматыда – 36 млн теңгеге, басқа өңірлерде 30 млн теңгеге дейін. Қарыз мерзімі – 19 жыл. Өткен жылы «Наурыз» ипотекасында бір орынға төрт адам үміткер болған екен. 2026 жылға жаңа өтінімдер қабылдау басталды. Өтінімдер 31 наурызға дейін қабылданады. Алғашқы жарна дайын пәтер үшін 20% болмақ. Несие сомасының шегі «Отбасы банкінде» 2 млн-нан кем болмауы керек дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова. «Наурыз жұмыскер» ипотекасы да алдағы алты жыл бойы сақталады. Бағдарлама өнеркәсіп, көлік, ауыл шаруашылығы, энергетика және су ресурстары саласында жұмыс істейтін азаматтарға арналған.

Шарттары «Наурыз» ипотекасымен бірдей. Осы көктемде жаңа өтінімдер қабылданады деп күтіледі.

Мемлекеттік «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы да биылғы жылы жалғасады. 5 қаңтарда көлемі 25 млрд теңге болатын жаңа транш бөлінген екен. Бағдарлама бойынша мөлшерлеме – 7%, алғашқы жарна 20%-дан бастап, несие мерзімі 25 жылға дейін деп белгіленген. Максималды қарыз сомасы өңірлерге қарай белгіленген:

– Астана, Алматы және олардың маңындағы елді мекендерде, сондай-ақ: Ақтау, Атырау, Шымкентте – 30 млн теңге; Қарағандыда – 25 млн теңге; басқа өңірлерде – 20 млн теңге.

Биыл несие лимиттері ұлғайтылған.

«Ұмай» әйелдер ипотекасы 2025 жылы іске қосылады деп жоспарланғанымен, басталмай қалды. Қазір бағдарлама 2026 жылы қайта іске қосылады деген болжам бар. Алайда қаржы көлемі мен нақты мерзімі әзірге жарияланған жоқ.

«Жасыл ипотека» – Отбасы банкінің энергоүнемдейтін әрі экологиялық талаптарға сай тұрғын үйді сатып алуға арналған бағдарламасы. Мұндай тұрғын үйлер LEED, BREEAM, ГОСТ немесе OMIR сертификатына ие болуға тиіс.

2025 жылы бағдарлама аясында 570 несие рәсімделіп, жалпы көлемі 14,7 млрд теңгені құраған екен. 2026 жылы да бұл бағыттағы ипотека жалғасады. Бағдарлама бойынша қарыз сомасы – 50 млн теңгеге дейін, алғашқы жарна 20%-дан бастап (тұрғын үй төлемдерін алатындар үшін – 15%). Пайыздық мөлшерлемесі 12,5% болса, қарыздың 50%-ы жиналғаннан кейін пайызы 3,5–5% дейін төмендейді. «Жасыл ипотека» бойынша пәтер сатып алуға болатын тұрғын үй кешендерінің тізімі «Отбасы банкінің» ресми сайтында жарияланған.

Сонымен қатар «Алматы жастары», «Әскери баспана» бағдарламасы қайта жанданатыны хабарланған. Қазақстанда тұрғын үй саясатын жүзеге асыруда мемлекеттік бағдарламалар маңызды рөл атқарады. Мысалы, қолжетімді ипотекалық бағдарламалар арқылы жастарға, көпбалалы отбасыларға және әлеуметтік осал топтарға баспана алу мүмкіндігі берілуде. Сонымен қатар, жалдамалы тұрғын үй салу арқылы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды қамтамасыз ету шаралары да жүргізілуде.

Алайда тұрғын үй саласында әлі де шешімін қажет ететін мәселелер бар. Олардың қатарында тұрғын үй бағасының қымбаттауы, қала халқының көбеюіне байланысты сұраныстың артуы және инфрақұрылым мәселелері.

Ал қарапайым тұрғындардың пікірлеріне келер болсақ, көптеген азаматтар тұрақты жұмысы бола тұра мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспана алуға мүмкіндігі жоқ. Себебі, бағдарламалардың көбінде баспа-

наны қажет ететін жас отбасылар алдымен мемлекеттік мекемелерде жұмыс жасауы керек, әрине, бірнеше миллиондаған тұрғыны бар үлкен мегаполисте жастардың бәрі мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеуі мүмкін емес қой. Неше жыл қалада тұрып басқа салаларда жұмыс жасап пәтер жалдап күнелтіп жүрген жас отбасылардың нарықтағы үйлердің белгіленген тариф бойынша 30-50 пайызын қолма-қол төлеп алуға мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, бағдарламаларға қосылу үшін қалада тұрақты тіркеуде тұруы міндеттеледі. Олардың көбі уақытша тіркеуде. Үшіншіден, кезекте тұрған мұқтаж отбасылардың өзіне де банктердегі баллдық системалар жүйесі де уақытында үйлі болуға мүмкіндік бермеуде. Дегенмен жыл сайын тұрғын үй бағасының қымбаттауы мен кезектің ұзақтығы сияқты мәселелер де бар екені белгілі. Сондықтан мемлекет бұл бағытта жаңа бағдарламалар әзірлесе.

Экономист Расул Рысмамбетов тұрғын үй саясаты халықтың әлеуметтік жағдайымен тығыз байланысты екенін айтады. Оның пікірінше, соңғы жылдары мемлекет тұрғын үй құрылысының көлемін арттырып, ипотекалық бағдарламаларды көбейту арқылы азаматтардың баспана алу мүмкіндігін кеңейтуге тырысып келеді. Тұрғын үй – әрбір отбасы үшін ең маңызды әлеуметтік қажеттіліктің бірі. Сондықтан мемлекет қолжетімді ипотека, жалдамалы тұрғын үй және әлеуметтік бағдарламалар арқылы халыққа қолдау көрсетуі керек. Құрылыс саласының дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына және экономиканың өсуіне ықпал етеді, – дейді сарапшы.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы тұрғын үй саясаты халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды мемлекеттік саясаттың бірі болып табылады. Алдағы уақытта тұрғын үй құрылысының артуы және тиімді бағдарламалардың іске асырылуы арқылы көптеген азаматтардың баспаналы болуына мүмкіндік жасалады деп күтілуде.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
журналист

АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУ ШАРАЛАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ел Президенті барлық ауыл мен елді мекендергі ауыз сумен жүз пайызға қамтамасыз ету мәселесін шешугі тапсырған болатын. Осы мақсатта республикамыздың барлық аумағындағы елді мекендергі орталықтандырылған су құбыры жүйелерімен жабдықтау, жер үсті және жер асты су көздерін пайдалану арқылы инфрақұрылымды дамыту жұмыстары қарқынды жүзеге асырылды.



Ауыз сумен толықтай қамту мақсатында жүргізілген ауқымды жұмыстар нәтижесі жыл басында өткен Үкімет отырысында жарияланды. Нақты айтсақ, Қазақстанның 90 қаласы мен 6087 ауылы ауыз судың орталықтандырылған жүйесіне қосылды. Яғни, осынша қала мен елдімекен тұрғындары

таза ауыз су тұтыну мүмкіндігіне ие болды. Бұл, әрине, үлкен жетістік.

Дегенмен, осы ретте атқарылуы тиіс шаралар мұнымен тоқтап қалмайды. Өйткені, таза ауыз су әлемдік деңгейдегі мәселе, халық санының өсуі, соған орай жаңа құрылыстардың көбеюі, т.б. мәселелер жүй-

елі жұмысты одан әрі жандандыруды талап етеді. Сондықтан, биыл осы салада он екі жобаны пайдалануға беру жоспарланып отырғанын Су ресурстары және ирригация министрлігі мәлімдеді. Аталған министрлік осы жобалар аясында 142 ауылдың халқын сапалы ауыз сумен қамту мақсатын алға қойып отыр.

Жобалар ішінде басты нысан ретінде Түркістан облысындағы Шардара топтық су құбырын айтуға болады. Мысалы, оның құрылысын биылғы шілдеде аяқтау көзделуде. Аталған жобаның уақытында аяқталуы шардаралықтардың су тапшылығын көрмеуіне кепіл болады. Демек, бұл оның игілігін көрер күннің алыс еместігін білдіреді.

Бұған қоса Қазақстанның үш облысында бес жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама дайындалып жатыр. Соған сәйкес, еліміздің ірі топтық су құбырларының бас құрылысжайларын салу жоспары жасалуда. Су ресурстары және ирригация министрінің ақпараты бойынша өткен жылы сумен жабдықтау нысандарын салу және реконструкциялау жоспары артығымен орындалған. Мәселен, тоғыз өңірде сумен жабдықтау нысандарын салу мен жаңғыртудың отыз жобасы іске асырылып, жыл қорытындысында жоспарланған тоғыз нысан он беске артқан.

Ел халқын таза ауыз сумен жүз пайыз қамтамасыз етуде оны үнемдеп, сапасын жақсарту үшін заманауи технологиялар енгізу қолға алынып жатқанын айтып өткен жөн болар. Ресми ақпаратқа жүгінсек, алдағы уақытта, яғни, 2028 жылға қарай 3,6 млн «ақылды» су есептеу құрылғылары қолданысқа беріледі. Тағы бір тоқталарлығы, биылғы жыл – цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланды.

Осы жылдың аясында су саласын цифрландыру жұмыстары қолға алынуда. Соған орай ең бірінші кезекте жылдың соңына дейін жердің бетіндегі және оның астындағы су көздері туралы деректерді біріктіретін Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасы құрылады. Мамандардың айтуынша, бұл жоба өз кезегінде Ұлттық су балансының картасын қалыптастырып, гидрогеологиялық мониторинг жүргізуге мүмкіндік бе-

реді. Сонымен қатар, жобаларды кешенді жоспарлау және бақылау үшін Техникалық оператор институты іске қосылды. Бұл институттың басты қызметіне табиғи монополия субъектілерінің өтінімдерін қарау мен жобалау кезінде қазақстандық өнімге басымдық беру, техникалық-технологиялық шешімдерді сараптау мен мониторинг жүргізу кіреді.

Осы тұрғыда Үкімет басшысы «Біздің алдымызда әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, қалалық су каналдарының өндірістік процестерін толық автоматтандыру және цифрландыру міндеті тұр» деп, бастапқы су көзінен бастап соңғы тұтынушыға дейін суды толық бақылау қажеттігін, сондай-ақ, барлық жұмыстың сапалы әрі уақытылы жүргізілуі тиістігін айтты. Басты мақсат, Үкімет су ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыруға баса мән беріп отыр.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында айтқандай «Суға және тұтастай алғанда, қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегіне айналуға тиіс». Өйткені, су – тіршілік көзі. «Судың да сұрауы бар» демекші, оны үнемдеу, жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастыру әрқашан да маңызды.

Бұл ретте жас ұрпаққа аға буын үлгі болуы, яғни, балаларына дұрыс тәрбие беру арқылы табиғат байлығына жанашырлықпен қарауға баулуы тиіс. Сонымен қатар, оқу-ағарту, ғылым-білім саласына, ұстаздар қауымына да үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мысалы, балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарының бағдарламаларына жер, табиғат байлықтарын, қоршаған ортаны күтіп ұстауға үндейтін тәрбиелік мәні бар әдістемелік құралдар енгізілсе нұр үстіне нұр болар еді. Себебі, бала – судың, т.б. өмірлік маңызы бар дүниелердің қадірін жастайынан біліп өседі, оларға қамқорлықпен қарауды үйренеді.

Түймегүл ИБАШЕВА,
журналист

ДОМАШНЕЕ НАСИЛИЕ КАК СОЦИАЛЬНОЕ ПРАВОВОЕ ЯВЛЕНИЕ

Развитие Республики Казахстан в качестве правового и демократического государства напрямую зависит от совершенствования законодательства и укрепления правопорядка, обеспечивающего защиту базовых социальных ценностей, включая жизнь, здоровье и личную безопасность граждан. Одной из актуальных проблем современного казахстанского общества является насилие в семейно-бытовой сфере, которое затрагивает широкий спектр прав и свобод личности – от недискриминации и равноправия до защиты от физического, психологического, сексуального и экономического насилия.



Айнагуль ТУКУБАЕВА,
судья Талгарского районного
суда Алматинской области,
магистр юридического права

В последние годы национальное законодательство претерпело изменения, вызванные декриминализацией внутренней политики, что позволяет лучше соблюдать стандарты в этой области. Важность метода противодействия семейно-бытовому насилию неоднократно применялась в политических инициативах, включая Послание Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева от 16 марта 2022 года. Президент уделяет внимание уровню власти в обществе как один из приоритетов государ-

ственной политики, уделяя особое внимание защите женщин.

В Казахстане ежедневно в полицию поступает около трехсот заявлений по фактам бытового насилия. Ежедневно в стране из-за этой безнравственности погибают не менее восьмидесяти женщин. В 2023 году около 150 получили серьезные ранения, 200 – средней степени тяжести и более 4000 – легкие ранения. И эти данные вызывают тревогу, поскольку, особенно женщин и детей – избивают, калечат и убивают. За

10 месяцев 2023 года к административной ответственности за указанные правонарушения было привлечено 50 тысяч человек, а к уголовной – 700 человек. В 2024 году в полицию Казахстана поступило около 100 тысяч сообщений о случаях домашнего насилия. Выдано 72 тысячи защитных предписаний, а судебные решения приняты по 16 тысячам дел.

Парламентом РК в апреле 2024 года были приняты законы Республики Казахстан: «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам обеспечения прав женщин и безопасности детей». Поправки в указанные законы направлены на совершенствование правовых, социальных, институциональных и иных основ государственной семейной политики, усиление защиты прав женщин и безопасности детей, ужесточение административной и уголовной ответственности за нарушение их безопасности, профилактику насилия в семейно-бытовой сфере.

Несмотря на активное освещение проблем домашнего хозяйства, ее актуальность остается высокой. Сложившаяся ситуация обусловлена рядом негативных факторов: несовершенством законодательства, недостаточной координацией субъектов, ответственными за профилактику и гарантиями получения результатов, а также отсутствием комплексных исследований в области административно-правовой защиты. В данных обстоятельствах возникает необходимость разработки новых подходов к совершенствованию законодательства и административно-юрисдикционной деятельности органов внутренних дел Республики Казахстан по защите от домашнего насилия которые обуславливают актуальность выбранной темы диссертационного исследования.

В 2024 году в Казахстане были приняты изменения в законодательство, касающиеся уголовной ответственности за побои и умышленное причинение легкого вреда

здоровью. Согласно новому закону, подписанному Президентом 15 апреля 2024 года, эти деяния были возвращены в Уголовный кодекс, после того как они были исключены из него в 2017 году в рамках декриминализации. Теперь за такие преступления предусмотрены уголовные наказания, включая штрафы, общественные работы или арест. Особое внимание уделяется насилию в отношении несовершеннолетних, для которых примирение сторон исключается, а наказание ужесточается.

Анализ законодательства Республики Казахстан позволяет утверждать, что в действующих нормативных правовых актах под насилием подразумеваются любые формы физического, психологического или иного принуждения, нарушающие свободу, волю и личную безопасность человека.

На сегодняшний день Казахстан является одной из стран, в которой умышленное причинение легкого вреда здоровью в семейно-бытовой сфере является уголовным правонарушением. Административно-правовая защита от домашнего насилия представляет собой урегулированную нормами административного права деятельность уполномоченных государственных органов по применению правовых форм и методов, направленных на обеспечение, восстановление и реализацию прав и законных интересов лиц, подвергшихся насилию в семейно-бытовой сфере. Эта деятельность осуществляется в пределах компетенции соответствующих субъектов и носит как правоприменительный, так и профилактический характер.

Противодействие домашнему насилию в рамках административного права целесообразно рассматривать как форму правовой защиты, выражающуюся в реализации комплекса мер предупреждения, пресечения и минимизации рисков совершения насильственных административных правонарушений. В связи с этим предлагается использовать термин «противодействие» как обобщающую категорию, охватывающую все формы административно-правового реагирования, реализуемого как государственными, так и негосударственными субъекта-

ми. Согласно ст.ст. 20-22 Закона Республики Казахстан от 04 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия», к специальным мерам административно-правовой защиты от домашнего насилия следует отнести: защитное предписание (ст. 20); административное задержание (ст. 21); установление особых требований к поведению правонарушителя (ст.22).

Защитное предписание представляет собой установленное мероприятие временно-го ограничения прав или возложение обязанностей на лицо, совершившее домашнее насилие, направленное на обеспечение безопасности потерпевшего. Согласно п.3 ст. 20 Закона Республики Казахстан от 04 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия», защитным предписанием запрещается совершать домашнее насилие, вопреки воле потерпевшего разыскивать, преследовать, посещать, вести устные, телефонные переговоры и вступать с ним в контакты иными способами, включая несовершеннолетних и (или) недееспособных членов его семьи. В то же время важно учитывать, что вопрос безопасности потерпевшего при реализации защитного предписания в таком аспекте не должен носить абстрактный характер, потому что любое домашнее насилие по своей природе уже несет опасность.

Реализация административного задержания, предусмотренного ст. 21 Закона Республики Казахстан от 04 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия», исполняется в случаях, когда вынесения защитного предписания недостаточно для обеспечения безопасности потерпевшего, и заключается во временном лишении субъекта домашнего насилия свободы действия и передвижения с принудительным содержанием в специальном помещении.

Установление особых требований к поведению правонарушителя, совершившего домашнее насилие, в порядке ст. 22 Закона Республики Казахстан от 04 декабря 2009 года № 214-IV «О профилактике бытового насилия», связано с осуществлением судом и исключительно им запретов:

– вопреки воле потерпевшего разыски-

вать, преследовать, посещать, вести устные, телефонные переговоры и вступать с ним в контакты иными способами, включая несовершеннолетних и (или) недееспособных членов его семьи;

– приобретать, хранить, носить и использовать огнестрельное и другие виды оружия;

– немедицинское употребление психоактивных веществ.

Состояние криминогенной ситуации в Казахстане свидетельствует о необходимости развития системы предупреждения и профилактики бытового насилия, ее совершенствования с учетом актуальных потребностей семьи, общества и государства. Также назрела необходимость дальнейшего совершенствования действующего законодательства в сфере семейной и гендерной политики для создания эффективных механизмов устранения дискриминационных норм. По результатам исследования выявлены недостатки национального законодательства, в том числе профильных законов в сфере профилактики бытового насилия и гендерного равенства, уголовного и трудового законодательства, а также иных правовых актов.

Законодательная основа РК и принятые меры недостаточно обеспечивают задачу противодействия семейно-бытовому насилию. Об этом свидетельствуют масштабы совершаемых в республике административных и уголовных правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений.

Изменения и кризисные явления в социально-экономической сфере, криминализация отдельных сторон общественных отношений, новые факторы, обуславливающие бытовые правонарушения, требуют постоянного мониторинга, совершенствования правовых актов в сфере противодействия семейно-бытовому насилию на соответствие модельному законодательству и международным стандартам. Также дальнейшего совершенствования требуют развитие межведомственного взаимодействия государственных органов и проработка создания единого государственного органа по вопросам семьи.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ ТУРАСЫНДА КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Қазіргі таңда кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы өңірлердегі даму деңгейімен тығыз байланысты. Өңірлердің теңгерімді дамуы ел экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Егер аймақтар арасында даму айырмашылығы үлкен болса, бұл әлеуметтік теңсіздікке және экономикалық мәселелерге алып келуі мүмкін. Сондықтан өңірлерді дамыту – мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі.

Өңірлік даму инфрақұрылымды жақсартуды, кәсіпкерлікті қолдауды, білім мен инновацияны дамытуды және инвестиция тартуды қамтитын кешенді үдеріс болып табылады. Өңірлердің тиімді дамуы ел экономикасының жалпы өсуіне үлкен әсер етеді. Әрбір аймақтың табиғи ресурстары, еңбек ресурстары және экономикалық мүмкіндіктері бар. Осы әлеуетті тиімді пайдалану өз кезегінде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Біріншіден, өңірлік даму жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Бұл жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, халықтың табысын арттырады. Екіншіден, өңірлердегі инфрақұрылымның дамуы халықтың тұрмыс жағдайын жақсартады. Жолдар, тұрғын үй, мектептер, ауруханалар сияқты әлеуметтік нысандардың салынуы аймақтардың әлеуметтік жағдайын көтереді. Сонымен қатар өңірлерді дамыту ішкі көші-қон мәселесін де реттеуге көмектеседі. Егер аймақтарда өмір сүруге қолайлы жағдай жасалса, адамдар ірі қалаларға жаппай көшуге мәжбүр болмайды.

Осы тұста өңірлік саясатты тиімді жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды бағыттарға назар аудару қажет. Оны төрт бағыт бойынша жіктеуге болады. Біріншіден, Инфрақұрылым – өңірлік дамудың негізі. Жолдардың, көлік жүйесінің, байланыс және энергетика сала-

сының дамуы, экономикалық белсенділікті арттырады. Инфрақұрылым дамыған аймақтарға инвесторлар мен кәсіпкерлердің қызығушылығы жоғары болады. Екіншіден, кәсіпкерлік қолдау. Шағын және орта бизнес өңірлік экономиканың маңызды бөлігі болып табылады. Кәсіпкерлік дамыған жағдайда жаңа жұмыс орындары ашылып, жергілікті бюджетке түсетін салық көлемі артады. Сондықтан, мемлекет кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие, гранттар және түрлі бағдарламалар арқылы қолдау көрсетеді.

Үшінші бағыты ауылдық аймақтарды дамыту. Көптеген өңірлерде ауыл шаруашылығы негізгі экономикалық сала болып табылады. Сондықтан, ауыл инфрақұрылымын дамыту, фермерлерді қолдау және ауыл шаруашылығын модернизациялау өңірлік дамудың маңызды бөлігі саналады. Төртіншісі, білім және адам капиталы. Өңірлердің ұзақ мерзімді дамуы білікті мамандарға байланысты. Білім беру жүйесінің дамуы, кәсіби дайындық және кадрларды даярлау аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Өңірлерді дамыту мәселесі бойынша қазақстандық экономистер түрлі пікірлер айтып келеді. Мысалы, экономист Ораз Жандосов өңірлік экономиканы әртарапандырудың маңызын атап өтеді. Оның пікірін-

ше, аймақтар тек бір ғана салаға тәуелді болмауы тиіс. Әр өңір өзінің табиғи және экономикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өндіріс пен қызмет көрсету салаларын қатар дамытуы қажет. «Өңірлік экономиканың тұрақты дамуы үшін әр аймақ өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, жаңа өндірістер мен қызмет көрсету салаларын дамытуы қажет».

Экономист Рахым Ошақбаев өңірлік саясатта жергілікті басқарудың рөлі маңызды екенін айтады. Оның пікірінше, жергілікті билікке көбірек экономикалық өкілеттіктер беру өңірлердің әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ол өз сөзінде «Өңірлердің тиімді дамуы үшін жергілікті билікке көбірек экономикалық өкілеттіктер беру қажет. Бұл аймақтардың өз әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік береді» дейді. Тағы бір қазақстандық сарапшы Ғалымжан Айтқазин өңірлік даму үшін инвестиция тарту өте маңызды екенін атап өтеді. Инфрақұрылымы жақсы дамыған және бизнеске қолайлы жағдай жасалған аймақтарға инвесторлар көп келеді. «Инвестиция – өңірлік экономиканың негізгі қозғаушы күші».

Инфрақұрылым дамыған және қолайлы бизнес ортасы қалыптасқан аймақтарға инвесторлар көбірек келеді». Ал экономист Алмас Чукин өңірлердің дамуы адам капиталымен тығыз байланысты екенін айтады. Оның пікірінше, білімді және білікті мамандар аймақтардың экономикалық дамуына үлкен үлес қосады. «Өңірлердің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен білімді және білікті мамандарға байланысты. Сондықтан, білім мен кәсіби дайындыққа инвестиция салу маңызды».

Өңірлерді дамыту – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды шарты. Аймақтардың теңгерімді дамуы халықтың өмір сапасын арттырып, экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етеді. Өңірлік даму инфрақұрылымды жетілдіруді, кәсіпкерлікті қолдауды, инвестиция тартуды және білім жүйесін дамытуды талап етеді. Қазақстандық экономистердің пікірлері де

осы бағыттардың маңыздылығын көрсетеді.

Болашақта тиімді өңірлік саясат жүргізу арқылы әрбір аймақ өзінің әлеуетін толық пайдаланып, ел экономикасының дамуына елеулі үлес қоса алады. Осы тұста экономикалық әртараптандыруда айтарлықтай маңызды, көптеген өңірлер бір немесе бірнеше негізгі салаларға тәуелді. Мысалы, кейбір өңірлер тек ауыл шаруашылығымен айналысса, басқалары мұнай-газ секторына тәуелді. Экономикалық әртараптандыру – бұл тәуелділікті азайту мен тұрақтылықты арттыру үшін маңызды.

Жаңа технологияларды енгізу, шағын және орта бизнесті дамыту, туризмді ынталандыру – осының бәрі өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыруға көмектеседі. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру үшін әлеуметтік бағдарламалар қажет. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау – бұл салаларда мемлекеттік қолдау көрсету арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуға болады.

Әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігі халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, нақты жобалар мен бастамаларды жүзеге асыру арқылы артады. Өңірлердің дамуы экологиялық аспектілерді ескермей мүмкін емес. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық таза технологияларды енгізу, табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру – бұл өңірлердің тұрақты дамуы үшін маңызды. Мысалы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту экологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі.

Өңірлерді дамыту – бұл кешенді процесс, ол экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени аспектілерді қамтиды. Заманауи стратегиялар мен шешімдер арқылы Қазақстанның әрбір өңірі өз әлеуетін толық пайдаланып, халықтың өмір сүру сапасын арттыра алады. Тек бірлескен күш-жігермен ғана біз өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ете аламыз.

Шолпан КӨПІРБАЙ,
журналист

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект экономикалық даму, медицина, көлік логистикасы, білім беру және мемлекеттік басқару салаларында кеңінен қолданылып, қоғамның цифрлық трансформациясын жеделдетуге.

Жасанды интеллекттің кең таралуы сот жүйесіне де әсер етті. Көптеген мемлекеттерде сот ісі цифрлық форматқа көшіріліп, электрондық платформалар, автоматтандырылған құжат айналымы және істерді алгоритмдік үлестіру жүйелері енгізілуде. Мұндай жаңашылдықтар сот органдары жұмысының жеделдігін арттыруға, рәсімдердің айқындылығын қамтамасыз етуге және азаматтардың сотқа қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған. Сонымен бірге цифрлық технологиялар құқық қолдану тәжірибесін жүйелеуге және сот жүктемесін төмендетуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында сот саласын жаңғырту және цифрландыру мемлекеттік реформалардың маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Электрондық сервистерді енгізу сот төрелігінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда ЖИ элементтерін пайдалану тек техникалық мәселе ретінде қарастырылмауы тиіс. Сот төрелігі адамның тағдыры мен құқықтарына тікелей әсер ететін ерекше сала болғандықтан, технологияларды қолдану құқықтық және этикалық өлшемдер арқылы бағалануы қажет. Судьяның дербестігі мен бейтараптығы әділ



**Ербол ШӘМШИЕВ,
ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы
Сот төрелігі академиясының
магистранты**

шешім қабылдаудың басты шарттары болып табылады.

Алгоритмдер сот шешімдеріне әсер еткен жағдайда бірнеше қауіптер туындауы мүмкін. Олардың қатарында деректердің сапасына тәуелділік, алгоритмдік қателіктер, шешім қабылдау механизмдерінің түсіндірілмеуі және жауапкершіліктің айқын болмауы бар. Бұл тәуекелдер заң үстемдігі мен адам құқықтарын қорғау қағидаттарына әсер етуі мүмкін. Сондықтан сот жүйесінде қолданылатын кез келген цифрлық құрал ұлттық конституциялық принциптерге сәй-

кес болуы қажет. Жасанды интеллект сот жүйесінің тиімділігін арттыра алады, бірақ ол судьяның орнына шешім қабылдайтын құрал емес, адам бақылауымен қолданылатын қосымша тетік ретінде қарастырылуы тиіс. Тек осындай теңгерімді тәсіл технологиялық прогресті құқықтық мемлекет қағидаттарымен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерде алгоритмдік жүйелер деректердің біржақтылығына тәуелді болатынын, шешім қабылдау логикасының түсіндірілмеуі және жауапкершіліктің бұлыңғырлануы мүмкін екенін көрсетеді. Осыған байланысты әділдік, бейтараптық, ашықтық және түсіндірілетіндік сот жүйесінде ЖИ қолданудың негізгі этикалық өлшемдері ретінде қарастырылуы тиіс.

Сот төрелігінде адам үстемдігін сақтау принципі шешуші маңызға ие. Алгоритмдер тек талдамалық қолдау көрсетеді, ал соңғы шешімді міндетті түрде судья қабылдауы тиіс. Бұл құқық қолдану процесі формальды логикамен шектелмей, кәсіби тәжірибе мен моральдық бағалауды талап ететінін білдіреді. Алгоритмдік ұсынымдар пайдаланылған жағдайда да шешімнің заңдылығы мен негізділігі үшін жауапкершілік адамда қалады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, алгоритмдік жүйелерді тиісті құқықтық бақылаусыз енгізу сот төрелігінің әділдігіне, теңдігіне және легитимділігіне қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттер сот саласындағы жасанды интеллектіні жоғары тәуекелді қызмет ретінде бағалап, қатаң реттеу тетіктерін қалыптастыруда. Шетелдік құқықтық доктринада «жауапты жасанды интеллект» және «түсіндірілетін жасанды интеллект» тұжырымдамалары кеңінен қолданылады. Олар алгоритмдердің ашықтығын, есептілігін, деректер сапасын және міндетті адам бақылауын қамтамасыз етуді талап етеді. Әсіресе, Еуропалық Одақта қабылданған EU AI Act сот саласында қолданылатын жүйелерді жоғары тәуекел санатына жатқызу арқылы олардың бейтараптығына, аудитіне және адам құқықтарына сәйкестігіне күшейтілген талаптар қояды. Ал АҚШ-та қолданылған

COMPAS жүйесіне қатысты даулар алгоритмдік кемсітушілік тәуекелдерін айқындап, құқықтық бақылаудың маңызын көрсетті.

Сондықтан ЖИ сот төрелігін алмастыратын құрал емес, адам бақылауымен қолданылатын көмекші технология ретінде ғана дамуы тиіс. Бұл құқықтық мемлекет қағидаттарын және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ЖИ элементтерін енгізу тиімділікті арттырумен қатар бірқатар этикалық мәселелерді туындатады. Олардың ішінде алгоритмдердің бейтараптығы, жеке деректердің қорғалуы, шешім қабылдау логикасының ашықтығы және сот актілері үшін жауапкершіліктің нақты субъектісін айқындау мәселелері бар.

Жасанды интеллектті сот жүйесіне енгізу бірізді әрі сақ қадамдармен жүзеге асырылуы тиіс, өйткені қазіргі кезеңде оны қолданудың бірыңғай этикалық тұжырымдамасы мен құқықтық регламенті толық қалыптаспаған. Негіз ретінде адамға бағытталған ЖИ қағидасы алынуы қажет: технология судьяны алмастырмай, оның кәсіби қызметін қолдауға тиіс.

Сот саласында ЖИ-ге арналған арнайы нормативтік акт қабылданып, қолданылу шектері, функциялары, міндетті адам бақылауы және негізгі этикалық талаптар нақты айқындалуы керек. Сонымен қатар судьялардың этикалық кодексі толықтырылып, алгоритмдік ұсынымдарға тәуелділікті шектеу және судьяның кәсіби дербестігі мен жауапкершілігін сақтау тетіктері бекітілуі тиіс. Алгоритмдердің деректерге негізделуі, ашықтығы, түсіндірілетіндігі және кемсітушілікке жол бермеуі құқықтық тұрғыдан реттелуі қажет. Тәуелсіз аудит пен бақылау механизмдері олардың бейтараптығын қамтамасыз етеді.

Бастапқы кезеңде ЖИ тек талдамалық және көмекші құрал ретінде пайдаланылады, соңғы шешім қабылдау құқығы толықтай адамға беріледі. Бұл сот төрелігінің конституциялық қағидаттарын сақтауға және қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, жасанды интеллект сот төрелі-

інде толық автоматтандырылған шешім қабылдау құралы емес, судьяның кәсіби қызметін қолдайтын көмекші және талдамалық механизм ретінде қолданылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Нормативтік құқықтық актілер, халықаралық актілер, бағдарламалық құжаттар мен есептер:
 - 1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
 - 1.2. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы: 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000132>
 - 1.3. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: 2013 жылғы 21 мамырда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
 - 1.4. Судьялық әдеп кодексі: Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған.
 - 1.5. European Union. Artificial Intelligence Act (AI Act). – Brussels, 2024.
 - 1.6. European Commission. Ethics Guidelines for Trustworthy Artificial Intelligence. – Brussels, 2019.
 - 1.7. European Commission. Study on the Use of Artificial Intelligence in Judicial Systems. – Brussels, 2023.
 - 1.8. Council of Europe. Artificial Intelligence and Judicial Systems. – Strasbourg, 2021.
 - 1.9. United Nations. Guidance on Artificial Intelligence and Human Rights. – New York, 2021.
 - 1.10. OECD. Recommendation on Artificial Intelligence. – Paris, 2019.
 - 1.11. OECD. Artificial Intelligence in the Justice System. – Paris: OECD Publishing, 2020.
 - 1.12. State of Wisconsin v. Eric Loomis, 881 N.W.2d 749 (Wis. 2016) – COMPAS алгоритміне қатысты сот шешімі.
 - 1.13. Dutch Council of State. Judgment on the SyRI System. – Netherlands, 2020.
 - 1.14. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі. Қазақстан Республикасының сот жүйесін цифрландыру жөніндегі аналитикалық есептер. – Астана, 2022–2024.
 - 1.15. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Цифрлық құқық және жасанды интеллектті құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі баяндамалар. – Астана, 2023.

2. АРНАЙЫ ӘДЕБИЕТ:

- 2.1. Angwin J., Larson J., Mattu S., Kirchner L. Machine Bias. – ProPublica, 2016.
- 2.2. Bostrom N. Superintelligence: Paths, Dangers, Strategies. – Oxford: Oxford University Press, 2014.
- 2.3. Floridi L. Ethics of Artificial Intelligence. – Oxford: Oxford University Press, 2021.
- 2.4. Floridi L., Cowls J., Beltrametti M. et al. AI4People—An Ethical Framework for a Good AI Society. – Minds and Machines, 2018.
- 2.5. Hildebrandt M. Smart Technologies and the End(s) of Law. – Cheltenham: Edward Elgar Publishing, 2015.
- 2.6. Susskind R. Online Courts and the Future of Justice. – Oxford: Oxford University Press, 2019.
- 2.7. Završnik A. Algorithmic justice: Algorithms and big data in criminal justice settings. – European Journal of Criminology, 2020.
- 2.8. Бурбаев Т.К. Правовой менталитет: социально-философский анализ: монография. – Қазақстан Республикасы, 2024.
- 2.9. Медеуова К. және т.б. Цифрлық ойлау негіздері және цифрлық этика: оқу құралы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 180 б.
- 2.10. Нұртазин С.М. Құқықтық мемлекет және сот билігі. – Алматы: Жеті жарғы, 2018.
- 2.11. Төлсубекова Б.А. Сот төрелігінің этикалық негіздері. – Алматы, 2019
- 2.12. European Commission. Artificial Intelligence Portal <https://digital-strategy.ec.europa.eu> 03.01.2026.
- 2.13. OECD AI Policy Observatory <https://oecd.ai> 03.01.2026.
- 2.14. ProPublica. Machine Bias Investigation <https://www.propublica.org> 03.01.2026.
- 2.15. United Nations. Artificial Intelligence and Human Rights Resources <https://www.un.org> 03.01.2026.

АҢДАТПА:

Бұл мақалада қазіргі кезеңде жасанды интеллекттің (ЖИ) экономикалық, медициналық, көлік-логистикалық, білім беру және мемлекеттік басқару салаларындағы рөлі қарастырылады, сонымен қатар оның сот жүйесіне әсері талданады. ЖИ және цифрлық технологиялар сот ісін автоматтандыруға, электрондық құжат айналымын енгізуге және істерді алгоритмдік үлестіруге мүмкіндік береді, бұл сот төрелігінің тиімділігін арттырады, рәсімдердің айқындылығын қамтамасыз етеді және азаматтардың қолжетімділігін кеңейтеді.

Қазақстанда сот саласын жаңғырту және цифрландыру мемлекеттік реформалардың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Алайда сот жүйесінде ЖИ қолдану тек техникалық мәселе емес, құқықтық және этикалық тұрғыдан бағалануы тиіс. Судьяның дербестігі мен бейтараптығы әділ шешім қабылдаудың басты шарттары болып қала береді. Алгоритмдік жүйелер деректер сапасына тәуелді, шешім қабылдау логикасы түсіндірілмеуі мүмкін және жауапкершілік айқын болмауы ықтимал, сондықтан олар тек талдамалық және көмекші құрал ретінде қарастырылуы керек.

Халықаралық тәжірибе «жауапты ЖИ» және «түсіндірілетін ЖИ» ұғымдарын қолдануды, алгоритмдердің ашықтығын, есептілігін және адам бақылауын қамтамасыз етуді көрсетеді. Қазақстанда ЖИ енгізу бірізді және сақ қадармен жүзеге асырылуы қажет, этикалық және құқықтық реттеуді толыққанды қамтамасыз ету, судьялардың кәсіби дербестігін сақтау, алгоритмдік ұсынымдарға тәуелділікті шектеу басты талап болып табылады.

Қорытындылай келе, ЖИ сот төрелігінде судьяның орнын алмастыратын құрал емес, оның кәсіби қызметін қолдайтын, талдамалық және көмекші механизм ретінде қолданылуы тиіс, бұл құқықтық мемлекет қағидаттарын сақтауға және қоғамның сот жүйесіне сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТҮЙІН: Жасанды интеллект, сот жүйесі, цифрландыру, алгоритмдік жүйелер, әділдік, бейтараптық, этика, құқықтық реттеу, судьяның дербестігі.

ОРЫС ТІЛІНДЕ ТҮЙІН: Искусственный интеллект, судебная система, цифровизация, алгоритмические системы, справедливость, независимость, этика, правовое регулирование, профессиональная независимость судьи.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ТҮЙІН: Artificial intelligence, judicial system, digitalization, algorithmic systems, fairness, impartiality, ethics, legal regulation, judicial independence.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР

Қазақстанда қылмыстың алдын алу – құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге еліміздің басты басым бағыттарының бірі. Соңғы жылдары елімізде қылмыстың алдын алуға бағытталған кешенгі шаралар күшейтіліп, бұл аталған бағыт еліміздің ішкі саясатының маңызды бөлігіне айналды.

Қылмыстың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Оның басты мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың құқықтық санасын арттыру және қылмыс жасауға итермелейтін әлеуметтік себептерді жою. Осы мақсатта Қазақстанда заңнамалық, әлеуметтік, тәрбиелік және ақпараттық шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген нақыл сөз қылмыстың салдарымен емес, себебімен күресуді көздейтін қылмыспен күресудегі маңыздылығын айқын көрсетеді. Соңғы кездері қоғамда қатты талқыланып отырған қаржы пирамидасы, педофилия, қайырымдылық қорлардың орасан зор мөлшерде ақша қаражаттарын жымқыруы осы мәселелердің алдын дер кезінде алмағанымыздан деп білемін.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап іс жүзінде қылмыстың алдын алу мәселесімен жүйелі түрде жұмыс жасауды тоқтатты десе де болады. Бұл мәселе тек қылмыстың жекелеген түрлерімен және жергілікті деңгейде, не нақты бір аймақта ғана жекелеген органдармен жүргізіліп келді. Ресейлік ғалым А.И. Алексеев жекелеген бағыттар бойынша күресуде бұрынғыдай басымдық жоқ деп есептейді [1, с.97]. Қазіргі таңда мемлекет пен қоғам заман талаптарына сай келетін қылмыстың алдын алудың жаңа жүйесін жа-

сау қажеттігін толықтай түсініп, өтпелі кезеңдегі жоғалтқан мәселелерді қалпына келтіруге қатысты шараларды атқаруға кірісіп кетті десек те болады [2, с.161–162]. Соған қарамастан ғалымдар шешімін толық таппаған жекелеген мәселелерді көтеріп келеді.

ҚР Ішкі істер министрлігінің мәліметтері бойынша, қылмыстық виктимология деңгейі өте жоғары, әрбір төртінші тұрғын жыл сайын қандай да бір қылмыстық қол сұғушылықтың құрбанына айналуда. [3, с. 43]. Өкінішке қарай, заң бойынша жекелеген олқылықтар, атап айтсақ, виктимологиялық алдын алу қылмыстың алдын алудың жекелеген түрі ретінде бекітілмеген. Қазіргі уақытқа дейін қылмыстың алдын алудың тиімділігі, оның тиімділігінің көрсеткіштері мен критерийлері туралы мәселе толық шешімін таппады. Профилактика латын тілінен аударғанда «ескерту», «алдын ала сақтану» дегенді білдіреді [4, с. 407]. С.И. Ожеговтың орыс тілі сөздігінде «Профилактика – қалыпты жағдайды, тәртіпті сақтап, оны бекітуге бағытталған алдын ала ескерту шараларының жиынтығы» деп анықтама берілген [5, с. 616]. Яғни профилактика қылмыстың алдын алудың басты негізін құрайды, өйткені қылмыс жасауға жол бермейді, әрі қылмыстық әрекеттің қауіпті салдарынан құтылуға мүмкіндік береді. Ғалымдар тарапынан да профилактиканың түсінігін ашуда әртүрлі талпыныстар болды. Мысалы, Г. Аванесов қылмыстың профи-

лактикасы – бұл оның себебін және жасауға итермелейтін шарттар мен жағдайларды анықтауға, сондай-ақ қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларды (олардың қоғамға қарсы әрекеттеріне қарап) анықтап, олармен қажетті жұмыстарды жүргізуге бағытталған қызмет деп түсінік берді [6, с. 339].

А. Жалинский қылмыстың профилактикасы мазмұнын қылмыс жасауға жетелейтін теріс пиғылды жою мақсатында адамдардың жүріс-тұрысын реттеуге бағытталған арнайы әдістер мен құралдарды, білімдер мен қабілеттілікті қолдануды көздейтін әлеуметтік процесс деп түсіндіреді [7, с. 315].

Қылмыстың профилактикасы түсінігі, оның жүйесі және түрлері, қылмыстылыққа қарсы тигізетін әсерін айқындайтын басқа ұғымдардан өзгешелігіне қатысты әртүрлі анықтамалар көптеп кездеседі. 2010 жылы 29 сәуірде қабылданған «ҚР құқық бұзушылық профилактикасы туралы», заңда «құқық бұзушылық профилактикасы – құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған, құқық бұзушылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені деп анықтама берілген. Бұл заңның 20-бабында қылмыстың алдын алудың үш түрі, яғни жалпы, жеке және арнаулы болып жіктеліп жүзеге асырылатындығы көрсетілген. Бұрыннан қалыптасқан қылмыстың алдын алудың жалпы және жеке түрінен басқа виктимологиялық алдын алуды қоса көрсетеді. [8, с. 133].

Іс жүзінде заң бойынша виктимді профилактиканы алдын алудың жеке түрі ретінде қарастырады, бұл негізсіз және дұрыс емес. Криминологтар оны азаматтардың виктимді жүріс-тұрысын құрайтын факторларды анықтауға және жоюға бағытталған қылмыстың алдын алудың дербес түрі ретінде қарастырады және азаматтарды қылмыстан қорғаудың әдістері мен құралдарын жасауға бағытталған. [9, с. 378].

А.Э. Жалинскийдің пікірі бойынша, қылмыстың профилактикасы егер оның көмегімен қысқа мерзім ішінде аз күш пен құрал

жұмсай отырып қылмыс жасаудың себептері мен жағдайлары толықтай жойылып, қылмыс жасауға бейім тұлғалардың құқықтық жүріс-тұрысын қамтамасыз ете алған жағдайда тиімді болып есептеледі [7, с. 511]. Айтылғандардан қылмыстың профилактикасының тиімділігі, жалпы алғанда, бірінші кезекте, қылмысты жасауға, қылмысты болдырмауға жол бермеу деп анықтауға болады. Көптеген зерттеулерде мұның тиімсіз жүзеге асырылатындығы туралы айтылады [17, с. 29].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері заңмен көзделген профилактикалық шаралардың барлығын қолдана бермейді. Судьялар үкім не шешім шығару кезінде осындай сипаттағы істердің алдын алу үшін қандай профилактикалық шаралар қолдану қажеттігін көрсетпейді. Ел Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған жолдауында үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам қалыптастырудағы заң мен тәртіптің маңыздылығына тоқталды [11, с. 29]. Оны жүзеге асыру мақсатында ҚР Үкіметі «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын дайындап, оның аясында құқық бұзушылықты дер кезінде анықтап, оны дер кезінде ашуды, алдын алу шаралары мен азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға басты назар аудару қажеттігі көрсетілді.

Мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламаларда жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше көңіл бөлінеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, салауатты өмір салтын насихаттау – қылмыстың алдын алудың тиімді жолдарының бірі. Сонымен қатар жұмыссыздықты азайту, әлеуметтік қолдау көрсету де қылмыс деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

Ішкі істер министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдар қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша жұмысты күшейтті. ІІМ мәліметтері бойынша, 2025 жылдың I тоқсанында алдын алу шаралары көрсеткіштерінің айтарлықтай өсуі байқалды, бұл бұзушылықтар-

ды анықтау және жою бойынша жүйелілікті, белсенді жұмысты, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруды көрсетеді.

Профилактикалық іс-шараларды күшейту бойынша қабылданып жатқан шаралар 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда әкімшілік құқық бұзушылықтардың анықталуын 33%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Мұндай өсім құқық бұзушылықтарды ерте сатысында анықтау және аса ауыр қылмыстардың алдын алудағы полиция қызметінің тиімділігін көрсетіп отыр. Қазіргі уақытта халықтың осал топтарын қорғау, қылмыспен күресу шараларын күшейтуге бағытталған, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және туристер үшін қолайлы жағдай жасау бастамалары бойынша маңызды заңнамалық өзгерістер талқылануда.

Еліміздің Ішкі істер министрлігі 2025 жылды Қылмысқа қарсы профилактика жылы деп жариялап, осы бастама аясында қоғамдық тәртіпті күшейтіп, қылмыстың алдын алу және құқықтық мәдениетті арттыруды басты мақсат етіп қойды. Нақты айтсақ, осы жобаны іске асыру шеңберінде құқық қорғау құрылымдары қылмыстың алдын алуға бағытталған жұмыстарды күшейтіп, тұрғындармен байланысты жаңа деңгейге көтеруді мақсат етіп отыр. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға арналған бұл бастама азаматтардың құқықтық білімін арттырып, заңға қайшы әрекеттердің жолын кесуге тың серпін бермек.

Құқық қорғау органдары профилактикалық жұмыстарды күшейтіп, «нөлдік төзімділік» қағидатын енгізуде. Учаскелік полиция инспекторларының рөлі артып, халықпен тікелей байланыс орнату арқылы тұрмыстық қылмыстардың алдын алу шаралары жүргізілуде. Бейнебақылау жүйелерін енгізу, цифрлық технологияларды пайдалану да қылмыстың алдын алуда маңызды құралға айналды.

Қылмыстың алдын алудың қазіргі таңда қалыптасқан шешілуі қиын мәселелеріне, бірінші кезекте әлеуметтік жағдайдың нашарлығы мен төмен құқықтық сауаттылық сияқты қылмыс жасауға итермелейтін себептерді анықтап оларды жою қажеттігі кіреді.

Оларды шешуде заңды құрметтеуге, заңи мінез-құлық қалыптастыруға, келтірілген залалдың мөлшерін азайтуға және болашақта қайталанбауына бағытталған әлеуметтік, құқықтық, педагогикалық және басқа да әдістерді қамтитын жалпы және жеке іс шаралар қолданылады.

Әлеуметтік және экономикалық факторлар.

Отбасы жағдайының нашарлығы, қолайсыз тұрмыс жағдайы, кедейлік – қылмыс жасауға жетелейтін факторлар.

Құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі және азаматтардың құқықтық білім деңгейінің төмендігі қылмыстың алдын алудың тиімділігін азайтады. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жағымсыз мазмұндағы ақпараттар қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Бақылаусыз, қараусыз қалу, ересектер арасынан арандату кәметке толмағандар арасындағы қылмыс себептерінің негізгілері болып табылады.

Жалпы айтқанда, қылмыстың алдын алудың әдістері қолайлы әлеуметтік ортаны құруға, заңды құрметтеуге және қылмыстылықтың негізгі себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған. Қылмыстың алдын алудың күрделілігі оның кешенді сипатымен тікелей байланысты (әлеуметтік, экономикалық, мәдени) және оларды толық түпкілікті жою ұзақ уақытты және күш-жігерді талап етеді. Бұған қоса тиісті әлеуметтік топтарға әсер ету арқылы қылмыстың жекелеген түрлерінің (экономикалық немесе экологиялық) алдын алу тиімді.

Әлеуметтік оңалту, жұмыссыздықпен күрес, педагогикалық әдістер және әкімшілік шараларды (айыппұл, қамау) қамтитын алдын алу шараларын қолдану арқылы қатерлі аймақта тұрған нақты тұлғалармен, қылмысқа бейім адамдар жұмыс жасау. Қылмыстың алдын алудың басты міндеті – қылмысты бастапқы кезеңінде қылмыстық жазаланатын әрекетке айналмай тұрып жолын кесу.

Құқықтық шараларға алдын алудың жүйесінің негізгі нормаларын қоса алғанда қылмыстың алдын алу мәселелерін реттейтін заңдарды қабылдау және қолданыстағы заңдарды жетілдіру кіреді. Ақпараттық-ағар-

тушылық бағытта халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және БАҚ материалдарының жағымсыз әсерінің алдын алуға қатысты жұмыстарды жүргізу.

Қолданылып жүрген профилактикалық шаралар көп жағдайда көзделген нәтижеге жете бермейді. Бұл жағдай ресурстардың жеткіліксіздігімен, алдын алу әдістерінің дұрыс таңдалмауымен немесе олардың нақты жағдайларда тиімді болмауымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан қылмыстың алдын алудағы жұмыстар кешенді түрде жүргізуді талап етеді.

Қылмыстың алдын алуды тиімді жүзеге асыру үшін осы үш деңгейді де үйлестіру керек. Әрі осы процеске әртүрлі деңгейде-

гі мемлекеттік және қоғамдық органдарды тартқан дұрыс.

Қорыта айтқанда, қылмыстың алдын алу – ұзақ мерзімді әрі кешенді үдеріс. Бұл бағыттағы табыс мемлекет, қоғам және әрбір азаматтың бірлескен жауапкершілігіне байланысты. Қауіпсіз қоғам құру – ортақ мақсат, ал қылмыстың алдын алу сол мақсатқа жетудің басты жолы болып қала береді.

Иса НҰРЖАН,
ҚазҰАЗУ-дің 1-курс магистранты
Бизнес және құқық жоғары мектебі,
ғылыми жетекшісі Ш.ШАРИПОВ,
з.ғ.д., профессор

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Словарь иностранных слов. – М.: Русский язык, 1982. – 608 с.
Алексеев, А.И. Криминология / А.И. Алексеев. – М.: Юрайт, 2010. – 400 с.
ҚР Ішкі істер Министрлігі. Қылмыстық статистика / ІМ ресми деректері. – Алматы, 2025. – 43 с.
Словарь иностранных слов. – М.: Русский язык, 1982. – 407 с.
Ожегов, С.И. Словарь русского языка / С.И. Ожегов. – М., 1984. – 797 с.
Аванесов, Г.А. Криминология: учебник / Г.А. Аванесов. – М.: Академия МВД СССР, 1984. – 500 с.
Жалинский, А.Э. Избранные труды: в 4 т. – Т.1. Криминология / А.Э. Жалинский. – М.: Изд. дом ВШЭ, 2014. – 698 с.
ҚР. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы заң, 2010 ж., 29 сәуір.
Долговой, А.И. Криминология: учебник / под ред. А.И. Долговой. – М.: Норма, 1997. – 798 с.
Никитин, Е.В. Оптимизация деятельности ОВД по виктимологическому предупреждению преступлений / Е.В. Никитин // Вестник ЮургУ. – Серия : Право. – 2019. – Т.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдау. – 2 қыркүйек 2024 ж.

АНДАТПА: Мақалада қазіргі таңдағы орын алып отырған қылмыстың алдын алу түсінігіне, өзекті мәселелеріне қысқаша талдау жасалады. Қылмыстың виктимологиялық алдын алудың ерекше мәніне көңіл бөліп, оның мазмұнын ашады. Қылмыстың алдын алу мәселелерін құқықтық жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасалынады.

Түйін сөздер: қылмыстың алдын алу шаралары, қылмыстылық, виктимология.

АННОТАЦИЯ: В статье дается краткий анализ понятия предупреждения преступности в современных условиях и актуальных проблем в этой сфере. Особое внимание уделяется виктимологическому аспекту предупреждения преступлений и раскрывается его содержание. Предлагаются рекомендации, направленные на совершенствование правовых мер по предупреждению преступности.

Ключевые слова: профилактические меры, преступность, виктимология.

ABSTRACT: The article provides a brief analysis of the concept of crime prevention in modern conditions and the current issues in this area. Special attention is given to the victimological aspect of crime prevention, and its content is explained. Recommendations aimed at improving legal measures for crime prevention are proposed.

Keywords: preventive measures, crime, victimology.

ЗА ЗЛОСТНОЕ НЕИСПОЛНЕНИЕ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ДОКУМЕНТА

Согласно ст. 13 Конституции Республики Казахстан, каждый имеет право на судебную защиту своих прав и свобод. Эта конституционная норма предусматривает не только право обращения в суд за защитой своих прав, свобод и законных интересов, но и право добиваться исполнения судебного решения, если должник не выполняет своих обязательств, установленных решением суда добровольно.



Каирбек МАТАЕВ,
руководитель отдела – старший судебный
исполнитель филиала «Межрайонный
территориальный отдел принудительного
исполнения города Экибастуз» РГУ
«Департамент юстиции Павлодарской
области»

Аналогичная норма заложена и ч. 3 ст. 76 Конституции Республики Казахстан, о том, что решения, приговоры и иные постановления судов имеют обязательную силу на всей территории Республики.

Каждый неисполненный судебный акт способствует зарождению сомнений в торжестве справедливости, относительно эффективности работы всей судебной системы.

За неисполнение судебного акта и требований судьи, лицо должник и осужденное лицо может быть привлечено к административной либо уголовной ответственности.

В частности, согласно ч. 1 ст. 669 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан (далее КоАП), неисполнение приговора суда, решения суда или иного судебного акта и исполнительного документа, если это действие не содержит признаков уголовно наказуемого деяния, – влечет штраф на физических лиц в размере пяти месячных расчетных показателей или привлечение к общественным работам на срок до двадцати часов либо административный арест на срок до пяти суток, на должностных лиц, частных нотариусов, частных судебных исполнителей, адвокатов – в размере двадцати месячных расчетных показателей или административный арест на срок до пяти суток, на субъ-

ектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере тридцати, на субъектов среднего предпринимательства – в размере сорока, на субъектов крупного предпринимательства – в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.

В соответствии ч. 1 ст. 430 Уголовного Кодекса Республики Казахстан, неисполнение вступивших в законную силу приговора, решения суда или иного судебного акта либо исполнительного документа более шести месяцев, а равно воспрепятствование их исполнению – наказываются привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Те же деяния, совершенные лицом с использованием своего служебного положения, – наказываются привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи двухсот часов либо ограничением свободы на срок от трех до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до пяти лет.

Помимо этого, государственные судебные исполнители в соответствии с действующим законодательством вправе ставить вопрос и составлять протоколы об административных правонарушениях предусмотренных ст.ст. 665, 667, 669 (часть первая), 673 КоАП.

Данным правом наделены только государственные судебные исполнители. А частные судебные исполнители, у которых

и находятся на исполнении большинство судебных актов, вынуждены при установлении административных нарушений обращаться с представлением о составлении протокола в органы юстиции.

Также Уголовный кодекс предусматривает уголовную ответственности за злостное уклонение от алиментных обязательств.

Злостные нарушители закона могут быть привлечены к уголовной ответственности по ст. 139 УК.

Неисполнение обязанностей более трех месяцев родителем по уплате средств по решению суда на содержание несовершеннолетних детей, а равно нетрудоспособных детей, достигших восемнадцатилетнего возраста, либо уклонение более трех месяцев совершеннолетнего трудоспособного лица от уплаты по решению суда средств на содержание своего нетрудоспособного родителя, либо уклонение более шести месяцев трудоспособного лица от уплаты по решению суда средств на содержание нетрудоспособного и нуждающегося в материальной помощи супруга (супруги) – наказываются привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок.

В этой связи просим граждан и юридических лиц ответственно относиться и исполнять обязательства в рамках исполнительного производства.

За злостное неисполнение исполнительного документа предусмотрена административная и уголовная ответственность, согласно действующему законодательству.

ЗАН

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.3.2026 ж. жіберілді. Басуға 20.3.2026 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 3. Таралым 1237.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: zanreklama@mail.ru

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»